1. Фразеологиямдердің сөз таптарына қатысы туралы. И.Кенесбаев фразеологиямдерде мызғымастай болып қалыптасқан сөз таптары бар деп, үзілді-кесілді тұжырым жасауға болмайдынын ескертеді. Фразеологиямдердің сөз таптарына қатысын олардың тұрақты тіркес қалпында жеке сөздердің орнына жүріп, сөйлем мүшелерінің қызметін атқаруына қарап анықтауға болады.

Сөз таптарына қатыстырылығы жағынан қазақ тіліндегі фразеологиямдерді ғалым Ә.Болғанбайұлы төрт негізгі топқа бөліп ұсынды:

- 1) етістік мағыналы фразеологиямдер
 - 2) заттық мағыналы фразеологиямдер
 - 3) сындық мағыналы фразеологиямдер
 - 4) үстеу мағыналы фразеологиямдер
- 1) етістік мағыналы фразеологиямдер - бұл топқа жататын фразеологиямдер әр түрлі амал-әрекетті, іс-қимылды білдіреді. Етістік мағыналы фразеологиямдер өзінің семантика-грамматикалық табиғатында жалаң және күрделі деп бөлінеді. Көзінің еті өсті — көкірек керді, мемменсіді; қолды болды — ұрланды, жоғалды; басына іс түсті — істі болды, шашылды; екі аяғын бір етікке тықты - тықсырды, қуырды; көз жаздырды — адастырды, айырылып қалды; пысқырып та карамады — менсінбеді, көзіне ілмеді; опық жеді — өкінді, санын сокты; аяғына отырғызбады — тендік бермеді, жуытпады; қолды-аяққа тұрмады — сабырсызданды, шыдамы кетті; көз байланды — қас қарайды, кешкірді; шыр бітті — семірді, қой бітті; өкпесі өшті — шаршады, титықтады; қаламы ұшталды - жазуға қалыптасты, төсөлді; шаң берді —

бой көрсөтті, көрінді; насырға шапты — асқынды, қырсықты; аузының сұзы құрыды — танданды, таңырқады; екі көзі төрт болды — зарықты, сарыла күтті; ат құйрығын кесті — арыздасты, қастасты; ат ізін салмады - қатыспады, көріспеді; көзін жоғалтты — күртты, жойды; қолқа салды — сұрады, қалады; жіпке тізді — есепке алды, жинады, сабындағы бұзылды - тез айныды, құрт өзгерді, сіркесі су көтермегі - зауқы болмады т.б.

2) зат есім мағыналы фразеологизмдер - әр алуан заттар, құбылыстар ұғымдардың жанама аттарын білдіреді. Құрылымы жағынан мұндай фразеологизмдер әр түрлі. Кіндік кесіп, кір жуған — туған ел, отан; бір ауыздылық — ынтымақ, бірлік; сұық қол - ұрықары, жау-жала; бас араздық—өшпенделік, қастық; ауыз бастырық—пара, ақы; ел атасы — басшы, басқарушы; ұзын етек — әйел, қатын; қан ішер — бас кесер; қара көлеңке — бейуақыт; қара халық — бұқара, көпшілік; қара мал — сиыр, ірі қара; құлақ естімес, көз көрмес жер — алыс жер, қиыр шет; қара шаңырақ — үлкен үй, шыққан үя; қара орман — жиган-терген, дүние-мұлік, бар дәulet; о дүние — ақырет, махшар; отбасы — үй іші, ошақ басы, жанұя; ұзын құлақ — өсек, сыйбыс; шикі өкпе — перзент, бала; шынжыр балак, шүбар төс — бай, манап, шонжар, ағайынды қоңыр қаз - қатар құрбы, замандас; көне құлақ - көп жасаған; көлденең сөз - қауесет; салпаң құлақ - тыңшы; қара сирақ - кедей, жарлы т. б.

3) сын есім мағыналы фразеологизмдер - анықтауыш сыңары сапалық сын есімнен жасалған фразеологизмдер прозаның өң бойынан табылады. Әр түрлі заттың, ұғымның сапасын, сипатын, белгісін басқа бір нәрселердің атымен салыстырып айтады. Бұл топтағы фразеологизмдер әр түрлі атрибутивті тіркестер, есімшеден жасалған тіркестер, салыстырмалы конструкциялар құрай алады. Аспанмен тілдескен- биік, ұзын; қара қылды қақ жарған - әділ, тұрашыл; қаламы жүйрік- жазғыш, қаламы төсеген; ит тұмсығы өтпейтін - қалың, бітік, ау; көк жан - арық, жүдеу; үріп ауызга салғандай - сүйкімді, әдемі; қой аузынан шөп алмас - момын, жуас; тонның ішкі бауындағы - ең жақын, әкей-үкей; он саусағынан өнер тамған - шебер, ісмөр; тілінен бал тамған—шешен, ділмар; көзі қырағы— көреген, жіті; қара бет - арсыз, бетсіз; екі жүзді - опасыз, тұрақсыз; жүрек жүтқан - батыл, өжет, ер; аяқ алып жүргіз - көп, қалың; аты шұлы - атақты, әйгілі; аузын буған өгіздей - үндемейтін, мылқау; қолы ашық- мырза, жомарт; еті тірі - пысық, ширақ; іске татыр - жарамды, іліп алар; кеспеге қарасы жоқ - семіз, майлы; тас бауыр - мейірімсіз; ай балтаның сабындағы - жұп - жұмыр; тайға таңба басқандай - анық, айқын; ағама жеңгем сай - мінез-құлқы үйлес; бесенеден белгілі - бұрыннан мәлім; сойып қаптағандай - дәл өзіндей; пышақтың қырындағы - жұқа т. б.

4) үстеу мағыналы фразеологизмдер - үстеу тобына жататын фразеологизмдер заттың, нәрсенің әр түрлі құмыл - ісінің мезгілдік, мекендік, сындық, мөлшерлік күйін білдіріп, сөйлемде пысықтауыш қызметін аткарады. Сақадай сай- дайын, әзір; атқан оқтай- түп түзу; тура; салған жерден - бірден, ә дегеннен; ат үсті- үстіртін, жеңіл- желпі; шу дегенде- о баста, әуелден; ит өлген жер - алыс, қашық; жұлып алғанша- тез, жылдам; ақ кар, көк мұзда- қыс ішінде, қыстығұн; демнің арасында - айтқанша, лезде; көз ұшында - алыста, қашықта; құлқынсәріде- ертемен, азанда; о баста - басында, алғашқыда; айдың күні аманында - тыныштықта, жайшылықта; қараптан қарап жүріп- бостан-босқа, тектен-текке; аттың жалы, түйенің қомында - асығыс, қарбаласта; табан аузында - жалма-жан, қапелімде; біртөбе - ерекше, айрықша; қаннен қаперсіз — жайбарақат; көз алдында— бетпе-бет, жекпе-жек; аяқ астынан - кенеттен, жоқ жерде; ауыз жиганша - лезде; өлдім-талым дегенде - әрен, зорға; сөз жүзінде - ауызша; су тегін - өте арзан; сын сагатта - ауыр күн туғанда, көзге шықкан сүйелдей - жек көрінішті, қас қаққанша - жылдам, тез; көзін ашқалы - туғаннан, ес білгеннен т. б.

Жоғарыда келтірілген фразеологизмдер - сөз таптарына қатыстылығы жағынан ең көп кездесетін түрлері. Бұлардың ішінде әсіресе етістік мағынасы фразеологизмдердің қоры өте мол. Одағай мағыналы, модальдық мағыналы фразеологизмдер де кездеседі, бірақ олардың көлемі өте шағын. Мысалы, одағай мағыналы фразеологизмдер - жәрәкім алла! ә дегенше, әйт дегенде, ә десе, мә де, ун деу, ой, құдайым-ай, тәнірім-ай, қош-қош! О жасаған! О, бәрекелді! О, тәубе! олда-білді! т.б. Модальдық мағыналы фразеологизмдер: жалпы айтқанда, шынын айтқанда, ток етері, құдай білсін т.б.

2. Фразеологизмдердің морфологиялық-синтаксистік құрылымы. Құрамындағы сөздердің морфологиялық құрылымы, синтаксистік қатынастары жағынан фразеологизмдер әр түрлі:

Тіркес түрінде жасалған фразеологизмдердің морфологиялық құрамындағы негізгі модельдері төмендегідей:

- 1) Зат есім + етістік тіркесі: есік көрсетті, жағасын ұстады, қарғиқабақ болды, іші-бауырына кірді, бет моншағы салбырады, басын байлады т.б. Мысалдардан көрініп түрғандай "Зат есім + етістік" моделі құрылымы жағынан өзара бірыңғай емес.
- 2) Зат есім + зат есім тіркесі: қоян жүрек, өмір бақи, ығай мен сығай т.б.
- 3) Сын есім + зат есім тіркесі: бұраң бел, қиғаш қас, сұық хабар, қалқан құлақ т.б.
- 4) Зат есім + сын есім тіркесі: аты әйгілі, жанға шипа, пейілі тар, сүйегі ауыр т.б.
- 5) Сын есім +сын есім тіркесі: жақсы-жаман, ащы-тұщы, қара сұық т.б.
- 6) Етістік+ зат есім тіркесі: салған беттен, ішкен асы бойына тарамады т.б.
- 7) Етістік + етістік тіркестері: қыла қарады, шайқап жүрді, алдаң соқты, іздегенге сұраған т.б.
- 8) Зат есім + үстеу тіркесі: қазан аузы жоғары, кеудесі жоғары, су аяғы жоғары т.б.
- 9) "Жоқ" сөзі қатысты тіркес: жылуы жоқ, жазмыштан озмыш жоқ, әй дер әже жоқ, қой дер қожа жоқ т.б.
- 10) Еліктеуіш қатысты тіркес: тарс етті, тарс жабылды, санқ етті, қарқ етті, жарқ етті т.б.
- 11) Сан есім қатысты тіркестер: мыңнан тұлпар, жұзден жүйрік, қырық күн той, озық күн ойын т.б. [8,2076]

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің сөз табына қатыстыры җағынан ең көбі - етістік фразеологизмдер. Оナン кейінгілері сындық және заттық мағынадағы фразеологизмдер. Бұл үшеуінен азырағы үстеу мағынасындағы фразеологизмдер екендігі анықталды. Жеке сөз берін тұрақты тіркес мағына жағынан бір ұғымды білдіріп, бірінің орнына бірі жүргенімен, бұлардың білдіретін мән-мағыналары бірдей, тепе-тең деген сөз емес. Тұрақты тіркестен туатын ұғым жеке сөзбен салыстырғанда анағұрлым күшті, өсіңкі айтылады. Сонымен қатар жағымды-жағымсыз көркемдік мәні болады. Жеке сөз нақтылы дәл ұғымды көрсетсе фразеологизмдер дара ұғымды күрделендіріп, оның, үстіне бейнелеп, суреттеп көз алдыңа келтіреді. Мәселен, жарыстан озып келген атты жүйрік, бәйге ат десек, бұл сөздер нақтылы болған, шын нәрсені сол қалпында дәл білдіріп тұрады. Ал, сол жүйрік атты асырып мақтағымыз келсе, бәйге, жүйрік деген сөздер мұлдем жетімсіз болады да, оның орнына аузымен құс тістеген, алдына қара салмайды деген фразеологизмдерді қолдануға тұра келеді. Бұлар жүйріктің жүйрігі, асқан жүйрік деген күшайтпелі ұғымды білдіреді. Олай болса, фразеологизмдер жеке сөздің орнына жұмсалса, оны дәл балама демей, жанама түрдегі қолданыс деп қарау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Виноградов, В.В. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины/ В.В.Виноградов // Избранные труды. Лексикология и лексикография. – М.: Русский язык, 1977. – С.140-160.
2. Шанский, Н.М. Лексикология современного русского языка/Н.М.Шанский. - М.: Государственно учебно-педагогическое издательство Министерства просвещения РСФСР, 1957. – 168 с.
3. Қожахметова, Х. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік [Текст] = Казахско-русский фразеологический словарь / Х.Қ.Қожахметова, Р.Е. Жайсақова, Ш.О. Қожахметова. - Алма-Ата : Мектеп, 1988. - 224 с.
4. Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В. Н. Ярцева, - М.: Сов. энциклопедия, 1990.-559б.
5. Болғанбайұлы, Ә. Қазіргі қазак тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы/Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы. - Алматы:Санат, 1997. – 256 б.
6. Шанский, Н.М. Фразеология современного русского языка/Н.М.Шанский.-2-е изд. – М.: Высшая школа, 1969.- 231с.
7. Кеңесбаев I. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі/І.Кеңесбаев.- Алматы: Ғылым,1977. – 512б.
8. Қалиев, Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы/Ғ.Қалиев,Ә. Болғанбаев. - Толықт., өнд. 3-ші басылымы.- Алматы: Сөздік - словарь баспасы, 2006.- 264 б.

*Амирғалиева Ж. Н.
магистрант
Академии наук им. С. Башева*

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СОСТАВ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ЛИТЕРАТУРНОЙ РЕЧИ

Резюме

В этой статье рассмотрены наличие фразеологизмов и лексико-грамматические описания. Наряду с этим показаны деления фразеологизмов на группы.

Ключевые слова: *фразеология, грамматика, слова, знание*

*AmirgalievaZh. N.
master's degree student,
Aktobe University named after S.Baishev*

THE GRAMMATICAL STRUCTURE OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE LITERARY SPEECH

Summary

This article deals with the phraseological units and their lexicogrammatical description. And in this way are shown division of phraseological units into groups.

Keywords: *phraseology, grammar, word, knowledge*

УДК 394.2

*A.Ш.Демеуов п.г.к., ага оқытуши.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Аннотация

Бұл мақалада Наурыз мейрамының пайда болу тарихы мен оны әр үлт өкілдерінің атап өту дәстүрлері, баяндалады. Қазақ халқының бұл мерекеге деген есқі заманнан бергі көзқарасы, жаңа туған жыл мен табиғаттың жаңаруынан болашақта жақсылықтарды күтетіндігі толығырақ ашылған.

Кілт сөздер: Наурыз мейрамы, қазақ халқының сат-дәстүрлері, «Қыдыр ата» бейнесі, «Ұлыс күні».

Наурыз мейрамы өте көне заманнан келе жатқан мейрам. Ол «береке» деген мағынада тойланады. Наурыз сөзі көне парсы тіліндегі «нава»-«жана» және «рәзңі»-«күн» деген сөздерінің бірігуінен құрастырылып, жылдың бірінші күнін білдіреді. Қазақ тілінде «наурыз» сөзі бірнеше мағынадағы түсініктерді аңғартады: біріншіден ол – жыл басында тойланатын думанды халықтық мейрам; екіншіден - жыл бастауына тұстас келетін айдың атауы; үшіншіден ұлыс күні жасалатын көжені еске түсіреді.

Бұл күн аспан денелеріне бастапқы нұқтелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар түлеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер бетіне шаттық орнаған күн.

Наурыздың тойланғанына БҮҮ Бас ассамблеясының түсініктемесінің көрсетуі бойынша 30 ғасырдай уақыт өткен. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», армяндар «навасарди», буряттар «сағаан сара», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Шығыс халықтарының қалай тойлайтындығы туралы деректер бізге Әбу Райхан әл-Бируни, Ибн Балхи, Омар Хайям еңбектері арқылы жетіп отыр.

Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі дүниежүзі халықтарының көвшілігінің тұрмыс-салтында әртүрлі мағына-мазмұнға ие болған. Мысалы орыстарда мұны «масленница» деп атап, қысты шығарып салуға арнаған. Онда бақанға шығып тауықты алу, ән айтып, би билеу, т.б. ұлттық өнер түрлері көрсетілетін болған.

Немістер арасында ХVII ғасырға дейін 16-18 жасар қыздарын жеребе ойынына салып, оларды ұтып алғандарға ұтыстарын еріксіз алғып кете беру дәстүрі болған. Қыз кетерде әке-шешесіне мұнын шағып, сынсу айтып, өлеңмен қоштасқан.

Немістердің қызық дәстүрі - қыз жасауымен бірге әтешке сыйырғыш байладап апару. Тойда әтешке алдын ала арақ ішкізіп, оны құйрығына байланған сыйырғышпен, ку-ка-ре-кулеген қатты шақыруымен қойқаңдатып жүргізген. Олар осы дәстүр арқылы жын шайтанды қорқытуды қөздеген.

Парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге ұлкен от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжаған; жеті ақ кесемен ұлттық көже «сумалак» ұсынған; есқі киімдерін тастан, ескірген шыны аяқтарын сындырып, бір-біріне гүл сыйлаған; үйлерінің қабырғаларын «күн символы» ретінде дөңгелек оюмен безендіріп, тіреу ағаштарға гүл іліп, түрлі жарыстар ұйымдастырған.

Қазақ халқы бұл күнді «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. Есқі күнтізбе бойынша ол 9 наурызға сәйкес келсе, жаңаша 21-нен 22-сіне қараған түнге сәйкес келеді. Ұлыс күні қазақ елі үшін қасиетті, киелі саналған. Бұл күні ешқандай реніш болмауы керек. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары, ағайын туыс, құда-жекжат

бір-бірімен қос қолдасып амандасып, төс қағыстырады; әйелдер құшактасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Жастар жағы ойын-сауықпен көңілдерін көтеріп, иглікті істері үшін кәриялардың батасын алатын болған.

Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21-наурыз түні даланы Қыдыр арапайды. Наурыз түні сондықтан да «Қыдыр түні» деп аталған. Қыдыр баба - елге жақсылық әкелетін, жақсылыққа бастап жүретін ұлы бейне. Аңыз бойынша ол - барлық босағаны аттап, төрге шығып, бақыт, мерей, қуаныш әкелетін, жақсылық шашатын тұлға.

Ұлыстың ұлы күні түнгі сағат бірде бұқіл ел қуанып, әр үйде дастархан жайылатын болған. Наурыз тойындағы тағамдарда ақ жағы басым болады. Наурыз тойының өзіне тән ұлкен ырым асы – Наурыз көже. Наурыз көжеге қойдың басы мен сүр ет, сүт, бидай, езілген құрт, пияз, сәбіз қосылады. Көжеге сүр еттің қосылуы - қыс тағамымен қоштасуды білдірсе, актың қосылуы - жаз тағамы сүтпен қауышуды білдіреді.

Әдетте, осы күні адамдар арам пигыл, пендешілік атаулыдан арылып, өз ар-ожданы алдында тазарады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарханнан дәм таттырып, табыстырып отырған. Жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен, кемтар мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинау арқылы көмек көрсетілген.

Қазақта әркез тойлар ойын-думансыз өтпеген. Ұлыстың ұлы күні де алтыбақан ұйымдастырылып, басында ән айтылып, тәтті күйлер төгілген. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, курес, қызы куу, тең көтеру, т.б.) ойналып, таң ата көпшілік маңайдағы биік төбенің басына шығып атқан таңды қарсы алған.

Бірақ, бұл мейрам кеңес үкіметі тұсында тоқырауға тұсу жылдарын да бастан өткізді. Алғашқы жылдары тойланып келгенімен, 1926 жылдан бастап оған «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деген айдар тағылып, тойлауға тиым салынды. Дегенмен, бұл тиым көне мейрамды халықтың жадынан аластата алған жоқ. Қазақстанның кейбір аймақтарында әркім өз отбасында, өз үйінде тойлауын жалғастыра берді. 80-жылдардағы демократияның өріс алуының, егемен ел болуға ұмтылысымыздың арқасында ұлттық мерекеміз жалпыхалықтық мейрам ретінде жаңғырып халықпен қайта қауышты.

1988 жылдың көктемінде заман талабы мен қоғамдық пікірге көніл аударған үкімет, Қазақстанда 62 жылдан соң тұңғыш рет «Наурыз тойының» тойлануына өзі тікелей басшылық етті. 1989 жылдан бастап «Жыл басы тойы» жалпыхалықтық мейрам ретінде қарсы алына бастады. Бұгінгі күндері бұл мереке халықаралық денгейде ресми түрде танылған мереке болып отыр. 2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 64 қаарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталағып өтілуде.

Біздің наурызда қарсы алатын 2015 жыл – қой жылы болғалы түр. Атабабаларымыз қой жылын құтты жылдардың бірі санап, төлдің басы көбейеді, молшылық халықты мейірлендіреді деп болжаған. Қазақстан үшін 2015 жыл шынында да бірнеше атаулы даталарға - Қазақ хандығының 550 жылдығына, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығына, Ұлы Женістің 70 жылдығына - сәйкес келіп түр. Еңбеккөр халқымыздың ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұрлы Жол» Жолдауында анықтаған шараларын жүзеге асыру арқылы аталған даталарды лайықты қарсы алатындығына ешкім күмән келтіре қоймас.

Дәстүр бойынша ертеде Наурыз мейрамын бұқіл ауыл-ел болып таң шапағатын қарсы алушан бастап, тазаланған арықтарға су жіберу, ағаш отырғызу, гүл егу рәсімдері сияқты иғі істер атқарып, содан кейін ғана халық әрі қарай

кызықтаушылықты ойын-сауықтарымен жалғастырған. Осы үрдістердің бүтінгі күндері де жалғасып, ізгілік ниеттер мен іс-әрекеттердің кең етек алудына мүмкіндіктер жеткілікті. Қарсы алынатын қой жылы да туған халқымыз үшін жеңісті жылдардың жалғасы болгай!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоянбаев, Ж.Б.Педагогика: университеттер студенттеріне арналған оқу құралы / Ж.Б. Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев.–Алматы, 2004. -420 б.
2. Мұқанова, Б.Этнопедагогика: Оқу құралы /Б. Мұқанова, Р.Ильясова.– Астана: Фолиант, 2014. – 371 б.
3. Қалиев, С. Этнопедагогика:Оқулық / С. Қалиев, Ж. Молдабеков, Б. Иманбекова.– Астана: Фолиант, 2014. – 297 б.
4. Қазақ энциклопедиясы. - Том 7. – Алматы: Аруна, 2005. – 560 б.

*A.Ш.Демеуов, к.п.н.,
ст. Преподаватель.
Академического университета им. С. Башева*

ПРАЗДНИК НАУРЫЗ

Резюме

В статье повествуется об истории праздника Наурыз и обычаях празднования его разными этносами. Более подробно описываются как казахи с древнейших времен относились к этому празднику, какие благие дела они совершали в дни празднования и какие надежды возлагали на будущее в связи с наступающим Новым годом, а также обновлениями в природе.

Ключевые слова:праздник *Наурыз*, традиции и обычаи казахов, мифологический образ «*Кыдыр ата*», «*Улыс куни*».

*A.Demeuov
Candidate of pedagogical sciences, senior teacher
of the department of pedagogy, psychology
and subject technologies*

NAURYZ HOLIDAY

Summary

The article tells the story of "Nauryz holiday" and customs of celebration by its different ethnic groups. Described in more detail as Kazakhs since ancient times belonged to this holiday, what good deeds they performed during the celebration and the hopes pinned on the future in connection with the coming New Year, as well as updates in nature.

Keywords:*Nauryz holiday, traditions and customs of Kazakhs, mythological image "Kydyr ata", "Ulys kuni".*

УДК-316

Степаненко Н.В., к.и.н.,
старший преподаватель
Академии им. С. Башева.
Сейтова А.,
студентка I курса группы АД-102
Академии им. С. Башева.

ОФИЦИАЛЬНЫЕ И НЕОФИЦИАЛЬНЫЕ МОЛОДЕЖНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ В АКТОБЕ.

Аннотация

В статье рассматривается об официальных и неофициальных молодежных организациях в Актобе. Обращается внимание на проблемы молодежи и пути решения молодёжных проблем на государственном и регионом уровне. Автор знакомит с деятельностью новых неофициальных молодёжных организаций в городе- "Бюро добрых дел" и "С миру по нитке".

Ключевые слова: молодёжь, молодёжная политика, молодёжные организации, неформальное движение, благотворительность, молодёжные общественные объединения.

Молодёжь – это новое поколение, которое должно стать заменой своих родителей и опорой для общества и государства. Молодежная тематика сегодня – одна из самых популярных и обсуждаемых в обществе. На молодых людей всегда возлагались большие надежды, потому что от них зависит будущее страны. Но нынешней молодежи гораздо сложнее, чем молодежи старшего поколения: множество соблазнов и негативного воздействия, психологического давления в виде рекламы, средств массовой информации, интернета. А ведь нужно не только воспринять данную информацию, но еще и осмыслить происходящее. Считаю, что старшему поколению просто необходимо понимать молодежь, верить в нее и на некоторых этапах помогать и направлять.

Большую роль в проявлении общественной и политической активности играют молодежные организации, целей у которых может быть много, начиная от представления интересов молодежи в различных структурах власти, заканчивая воспитанием и формированием активной жизненной позиции. Другими словами, молодежные организации призваны направлять энергию и энтузиазм юношества в нужное русло.

Целью государственной молодежной политики в Республике Казахстан является создание условий для полноценного духовного, культурного, образовательного, профессионального и физического развития молодежи, успешной социализации и направление ее потенциала на дальнейшее развитие страны [1].

В Академии делами молодёжи занимается «Управление по вопросам молодежной политики Академии». Управление осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами и настоящим Положением.

Основной миссией «Управления по вопросам молодежи» является реализация государственной политики в сфере молодежной политики, направленной на поддержку инициативы молодежи и молодежных организаций, развитие творческих,

духовных и физических возможностей молодежи, формирование прочных навыков здорового образа жизни и воспитание гражданско - правовой и нравственной культуры среди молодежи.

Основные задачи "Управления по вопросам молодёжной политики" направлены на: 1) обеспечение государственной поддержки молодежи; 2) выявление уровня удовлетворенности потребностей молодежи в социально-экономической сфере; 3) реализация комплекса мер, направленных на социальную защиту молодежи; 4) содействие здоровому образу жизни, укреплению здоровья молодежи, формированию культуры здоровья [2].

Основная функция " Управления по вопросам молодёжной политики " направлена на поддержку молодежных организаций и всяческого содействия в их общественно – политической, культурно - массовой и воспитательной работе.

На сегодняшний день в Актобе зафиксировано 16 молодежных организаций:

1. «Молодежный маслихат Актюбинской области». Руководитель: Каатаев Альбек.
2. Актюбинский областной филиал Общественного объединения "Молодежное крыло "Жас Отан" при Народно-Демократической партии "Нур Отан" Руководитель: Шыма Ербол.
3. Актюбинский филиал общественного объединения "Республиканское физкультурно-спортивное общество "Жастар". Руководитель: Сокольская Наталья Сергеевна.
4. Актюбинский областной филиал частного учреждения "Республиканский штаб молодежных трудовых отрядов "Жасыл Ел" Руководитель: Мусин Нурлыбек Кумарович.
5. ОО «Патриотический клуб «Беркут». Руководитель: Сагиева Ирина.
6. Филиал "Бекет ата" в городе Актобе Республиканского молодежного общественного объединения "Қазақ КТК (КВН) лигасы" Руководитель: Ельжанов Рустем Батырханович.
7. Общественное объединение "Молодежный Маслихат города Актобе" Руководитель: Сагиев Ербол Маралович.
8. Молодежное общественное объединение "Болашақ жолы". Руководитель: Шауданов Куандык.
9. Молодежное общественное объединение «Жас күш». Руководитель: Избасаров Данияр Ерболович.
10. Молодежное общественное объединение студенческих отрядов "Атамекен" Руководитель: Мусин Нурлыбек Кумарович.
11. Общественный Фонд "Қазақстан жастар болашағы" . Руководитель: Қайрат Азамат Қайратұлы.
12. Общественное объединение "Выбор молодых-Актобе". Руководитель: Раимов Мади Абатович.
13. Общественное объединение "Жастар орталығы". Руководитель: Дүйсенбаев Муратжан Тажешович.
14. Городская детская организация «Союз мальчишек и девчонок». Руководитель: Сухомицкая Людмила Федоровна.
15. АФ ОО «Ассоциация юных лидеров». Руководитель: Евглевская Людмила Михайловна.
16. Молодежное общественное объединение «Кенес» . Руководитель: Кокчаев Утемис.

В Актобе имеет место и неформальные молодежные движения. Неформальные движения— это незарегистрированные в государственном органе организации либо в

силу их малочисленности, либо по каким-то другим причинам. Неформальные движения обычно имеют свои неписанные правила и нормы поведения. В неформальных группах складывается определенное распределение ролей и позиций. Обычно эти группы имеют явно или неявно выраженного лидера [3]. Одним из таких движений является "Бюро добрых дел". Эта группа создана на основе добровольного объединения молодых людей, для которых делать добрые дела – это выраженная жизненная позиция. Одним из организаторов "Бюро добрых дел" является Саламат Булатов. На вопрос, как ему пришла идея создания "Бюро добрых дел", он ответил:

"Идея создания "Бюро добрых дел" пришла ко мне 22 августа 2014 года, когда я увидел пост о многодетной матери, которая нуждалась в помощи. Я захотел помочь, нашел двух девушек, которые также хотели помочь этой семье. Мы получили данные о них, но на тот момент семья уже переехала далеко за город, и найти их нам не удалось. В тот же день, 22 августа, я начал «раскрутку» бюро, и на помощь отозвались те самые девушки, которые потом ходили со мной по семьям. Конечно же, сначала никто не мог поверить в существование такой организации, которая будет помогать нуждающимся бесплатно. Многие считали это «показухой» и полным бредом. Чтобы доказать и подтвердить свои намерения, я нашел человека, который помог мне найти благотворительный фонд «Камкоршылык-Забота». С ними сразу получилось найти общий язык, я взял номера и адреса нуждающихся семей. Семей было около 15. И с первой же полученной зарплаты, я накупил школьные принадлежности и начал раздавать их нуждающимся семьям."

Еще одной неформальной организацией в нашем городе является движение «С миру по нитке». Её деятельность направлена на помощь бездомным животным. Пока в нашем городе нет настоящего обустроенного приюта для животных, работает эта неформальная организация. В нее входят все, кто бы хотел помочь бездомным животным. «С миру по нитке» призывает быть неравнодушными к проблемам бездомных животных.. Их работа заключается в поиске хозяев для бездомных животных.

Обе эти неформальные молодёжные организации - пример того, что молодёжь нашего города серьёзно относится к проблемам, решить которые можно, если приложить желание и добрые намерения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Концепция государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года Казахстан 2020: путь в будущее. - Алматы: Проект, 2014. – 53 с.
2. Молодежные организации [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://ru.wikipedia.org/wiki/Данные_соответствуют_на_15.11.2014.
3. Комсомол [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://ru.wikipedia.org/wiki/.-Данные_соответствуют_на_15.11.2014.
4. Великая страна СССР. Комсомол[Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.great-country.ru/content/sssr/zakon_komsomol.php. – Данные соответствуют на 15.11.2014.
5. Официальный сайт акимата Актобе «Городской отдел внутренней политики»[Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://akimataktobe.gov.kz/index.php/ru/home.> – Данные соответствуют на 15.11.2014.
6. Жастар Актобе [Электронный ресурс]. –Режим доступа:<http://zhastar.aktobe.gov.kz/ru/node/8652.> – Данные соответствуют на 15.11.2014.

Степаненко Н.В., т.г.к.,
ага оқытушы

С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Сейтова А., «Дизайн» мамандығының 1 курс студенті
С. Бейішев атындағы Ақтөбе университеті

АҚТӨБЕДЕГІ РЕСМИ ЖӘНЕ БЕЙРЕСМИ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ

Түйін

Мақала Ақтөбе олардың мақсаттары, функциялары мен қайырымдылық іс-ресми және бейресми жастар ұйымдарынқызметінесілтемежас.

Кілт сөздер: жастар, жастар саясаты, жастар ұйымдары, формальды емес козғалыстар, қайырымдылық, қоғамдық жастар бірлестіктері.

*Candidate of historical sciences Stepanenko N.V.,
Aktobe University by S. Baishov
Seytova A., student I course "Design",
Aktobe University by S. Baishov*

FORMAL AND INFORMAL YOUTH ORGANIZATIONS IN AKTOBE Summary

The article refers to the formal and informal youth organizations in Aktobe their goals, functions and charitable activities.

Keywords: young people, youth policy, youth organisations, informal groups, charity, public unions.

УДК 811

Уәйіс Ә. А.
С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе университетінің
2 курс магистранты

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ, ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТТАРЫ

Аннотация

Аталған мақалада ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық, лингвомәдени, тілдік тұрғыдан зерттелуі қарастырылған.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, тіл, аударма

Тіл бірліктерін «этнос (адам) – тіл – мәдениет» үштігіне сүйеніп зерттеу үрдісі тіл білімінің этнолингвистика, тіл арқылы ел тану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттарына жол ашты. Аталған бағыттардың негізінде адамның тілі мен мәдениетінің өзара байланысы мәселесі жатыр. Тіл мен халықтың,

оның мәдениетінің арасындағы тікелей байланыс халықтың рухынан, тілінен көрініс табады. Олай болса, тілді зерттегендеге оны сол халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен байланыстыра зерттеу қажет.

Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны – қайсібір этнос болмысындағы белгілі бір халық жайындағы мәдени ақпараттарды жеткізуши тіл, ұлттық, материалдық, рухани мәдениет және адамзат арасындағы өзара байланыс, қарым-қатынас болып табылады. Ол этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика пәндерімен сабактас. Бұл ретте В.Н.Телия лингвомәдениеттануды этнолингвистика пәнінің бір бөлігі ретінде қарағанымен екеуі еki бөлек ғылым салалары деп белгіледі.

Шетел ғалымы В.Эйсманн (W.Eismann): «Американдық лингвист Г.Б.Пальмердің (G.B.Palmer) түсінігінше, мәдени лингвистика этнолингвистиканың әртүрлі дәстүрлерді когнитивті лингвистикамен біріктіреді, бұл Ресейдегі этнолингвистикалық тұжырымдамалармен (Н.И.Толстой және оның мектебі), М.М.Копыленко және фразеология саласындағы В.Н.Телия және оның ғылыми семинары) дәл ұштасып отыр» [1, 6-156.], - деп тұжырымдайды.

Ұлы Британияның энциклопедиясында этнолингвистика туралы берілген түсінкітеме:

"Ethnolinguistics, that part of anthropological linguistics concerned with the study of the interrelation between a language and the cultural behavior of those who speak it".

Қазақ тіліне аудармасы: Этнолингвистика — тіл мен сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениеті арасындағы арақатынасты зерттейтін антропологиялық тіл білімінің саласы.

Әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, статолингвистика, паралингвистика сияқты этнолингвистика да – «этностаным мен тілтаным» ғылымдарының ортақ мәселесі шеңберінде, түйісу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Оның теориялық негізі европада неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт еңбектерінен бастау алып, Америкада - Ф.Боас, Э.Сепир, Д.Уорф; Ресейде – Д.К.Зеленин, Н.И.Толстой, Е.Ф. Карский, А.А.Шахматов, А.А.Потебня, А.Н.Афанасьев, А.И.Соболева т.б. ғалымдардың еңбектерінде, ал қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың ғылыми-теориялық алғышарттары Ә.Т.Қайдар, М.М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Р.С.Сыздық, Н.У.Уәлиев, Ж.А.Манкеева, С.Сәтенова, Г.Н.Смағұлова, т.б. сияқты ғалымдардың еңбектерінен өз жалғасын тапты [2].

Этнолингвистиканың негізін салушылардың бірі Н.И.Толстой этнолингвистика мен оның тіл мен этности зерттеудегі рөлі туралы айта келіп: «Этнолингвистикалық сипаттағы еңбектердің негізі, тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде әрі мәдениеттің жалпы құбылыстары арқылы сипатталуы мүмкін екендігі және сипатталуы болып отыр» [2, 196.] -деген пікір айтады.

Академик Ә.Т.Қайдар: «этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойындау, этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды деген қағиданы нақтылы зерттеуге өзек ету деген сөз». Сонымен қатар Ә.Т.Қайдар «этнос», «тіл» деген ауқымды, кең ұғымдарды нақтылап, «этнос болмысы, тіл әлемі» деген термин-ұғымдарды қолдануды ұсынады [3, 196.].

Этнолингвистика-XIX-XX ғасыр аралығында Америка үндістерінің тіл ерекшеліктерін зерттеуден келіп шыққан ғылым саласы. Тіл білімі сөздігінде: «Этнолингвистика (гректің «ethnos» -халық, тайпа және лингвистика)-тілді мәдениетпен, тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлармен байланыстыра қарастыратын тіл білімінің бағыты» [4], - деп көрсетіледі. Кең мағынада, этнолингвистика-мәдениетті, халық психологиясын, мифологияны тіл арқылы зерттейтін кешенді пән.

Этнолингвистика қазіргі тілдік материалдарды тарихи тұрғыдан қарастырса, лингвомәдениеттану тілдік деректерді өткен күн тұрғысынан да, қазіргі уақыт межесінен де рухани мәдениет негізінде зерттейді. Бұл жөнінде ғалымдардың әр түрлі көзқарастары бар. В.Н.Телия лингвомәдениеттануга: «Тіл мен мәдениет байланысын синхронды тұрғыдан қарастырып, ол халық менталитетінен хабардар ететін тілдік бірліктердің қарым-қатынас пен байланысын зерттейді» [5, 216.], - деп анықтама ұсынса, В.А.Маслова: «Этнолингвистика – белгілі бір материалдық және тарихи мәдени кешендермен байланысты тілдік бірліктерді зерттейді», - дейді. Сонымен қатар лингвомәдениеттану ғылыминың да өз алдына мақсат-міндеттері бар екендігін, ол «тарихи» да, қазіргі заманың да тілдік айғақтарын рухани мәдениет арқылы қарастыратынын да атап өтеді [6, 116.].

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканы кең көлемде, яғни тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу бағытына байланысты бір саладағы ғылым деп тұжырым жасауымызға әбден болады. Этнолингвистика мен лингвомәде-ниеттанудың өзіндік ерекшелігі:

- 1) этнолингвистикалық зерттеу белгілі бір этнос не этномәдени аймақтық шеңберде болса, лингвомәдениеттану салыстырмалы және салғастырмалы түрде зерттеуге негізделген;
- 2) этнолигвистикалық зерттеуде түрлі ритуал формасын қайта жаңғырту жұмысы мақсат етіледі;
- 3) этно-лингвистикада мәдениеттің материалдық жағына көбірек көңіл бөлінсе, лингвомәдениеттануда рухани жағы, яғни дүниетаным негізі, діл, ұлттық психология, ұлттық, рухани, моральдық құндылық айқындалады;
- 4) этнолинг-вистикалық зерттеу нысаны негізінен мәдениеттің фольклор үлгісінде көрініс тапқан дүние, яғни ретроспективалық бағытта болса, лингвомәдениеттануда тарихи және қазіргі замандағы ұлт өкілі, яғни мәдениет пен тіл иелерінің құндылықты танудағы өзгерістерді де зерттейді; (5) этнолингвистикалық ізденісте тілдік материалға көбірек көңіл бөлінсе, лингвомәдениеттануда тілдік және мәдени контекс те тең қарастырылады;
- 5) этнолингвистикалық зерттеулерде тілдік, атап айтқанда этимологиялық әдістеме басым қолданылса лингвомәдениеттануда танымдық лингвистика, ассоциативтік психология т.б. саланың озық әдістемесі, кешенді түрі өзіндік қолданыс табады;
- 6) лингвомәдениеттану ғылыминың қазіргі кезде түрлі саласы мен өзіндік терминдік аппараты («концепт», «мәдени коннотация», «лингвомәдени құзырет», «прототип», т.б. айқындалды).

Әдістеме ішіндегі лингвомәдени сараптамаға келсек, оның этимологиялық сараптамамен пара-пар келмейді. Лингвомәдени сараптама-ның мақсаты – «тілдік бірліктің шығу түрін айқындау емес, әртүрлі типтегі, яғни әдеби, діни, саяси және дискурс ықпалымен пайда болған қайшы тұрақты бірлікте түсініктеме бере отырып, оның пайда болу шарты мен жағдаятын анықтау болып табылады [7;133б.].

Этнолингвистикалық уәжі халықтың қоғамдық мәні бар - тақырыптарының бірі - оқу-білім, тазалық-тәрбие, мінез-құлыш, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр жайлары. Бұлар жөнінде халықтың ойы, көзқарасы, шығарар қорытындысы, айттар ақыл-өсіеті қандай екендігі байқалады. Жақсы нәрсені үлгі ету, жаманнан жиркеніш тауып бездіру - аталған тақырыптағы мақалдардың басты мәселесі. Адамның мінез-құлқы, халықтың әдет-ғұрпы да мақалдардан елеулі орын алады. Халыққа жақсы, жағымды көрінетін, үлгі алуға жарайтын мінез-құлышты, сондай әдет-ғұрыпты мақалға қосады. Халық алдында турашыл, әділ болу, халық жүктеген міндетті абыраймен орындау, өтірік-өсек айтпау, жалқау болмай еңбек-кәсіп ету, ашу шақырмай ақылмен іс істеу, т.б. сияқты жақсы мінезді қадірлеп үлгі етеді.

Ағылшын тілінде халық арасында жиі қолданылатын "Manners make the man" – «Адамды адам ететін оның әдептілігі» мақал-мәтелінің кең көлемдегі мағынасы бар, орта ғасырда орын алған қағида, дәстүрлерге, заман талабына байланысты қолданыста болған. Яғни, XIV ғасырда Англияда мәдениеттіліктің негізгі шарттарына, өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аударылып, мұлтіксіз орындалуы талап етілді. Әдептілік, ізеттілік ережелерін қамтитын арнайы жинақтар шығарыла бастады. Заман өзгере келе осы ұстанымдардың бірқатары жалпыхалықтық мақал-мәтел болып, кеңінен қолданыс тапты. Мәселен:

1. Good manners make the a man

Адамды адам ететін оның әдептілігі

2. You sit by a worthier man than thyselfs art one, Suffer him first to touch the meat

Егер өзіңнен салауаттырақ адаммен дастархандас болсан, одан ұлғі ал, яғни соған қарап ас іш т.б.

3. Every man has a fool in his sleeve.

Адам болу әсте-әсте, Ақымақ болу бір пәсте.

"Ерек олжадан, қатын қалжадан дәмелі" дегендей, қалжа малының етінен ауылдағы төрдегі бас пен жамбастан ауыз тимесе окпелемейді, ал омыртканы мужуден қалыс қалса, ат кекілін кесуге дейін барады. Мұның себебі: әйел затының бәрі де бала табуға құштар. Сондықтан қалжаның омыртқасынан ауыз тиуді - өздері де жас босанған ана құсанап тезірек босанармын деп ырымдайды. Болмаса, омыртқаға қарай ма. Қалжага сойылған мал етінің омыртқадан басқасының бәрін босанған әйел өзі жеу керек. Әйтпесе белі тез бекімейді деген екен. "Елу жылда ел жаңа, жұз жылда қазан жаңа" дегендей қазіргі таңда ертедегі қыздардың тағдыры көненің елшісінде қалған секілді. Қазіргі таңда бұл мақалды бірі білсе, бірі біле бермейді [8].

Халық мақалдары үй, отбасылық өмір мен олардың тұрмыс-тіршіліктер туралы сырын ашады. Келесі үй, отбасы мен оның тұрмыс-тіршілігі мақал-мәтелдеріне қатысты этнолингвистикалық уәжі.

Ата-ананың және отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, бір-біріне деген сыйластықтары, ізгі құрметтері, өз міндеттерін атқарулары - бұл үлкен мәселе.

Әр ата-ана, халық және ер үшін бұл тақырыптың алар орны ерекше. Зерттеу аясында осы тақырыпқа жататын мақал-мәтелдердің ағылшын және қазақ тілінде де маңызды орын алғындығы анықталды. Мәселен, ағылшындықтар "My house is my castle" – «Өз үйім – қорғаным» десе, қазақ халқы "Өз үйім-өлең төсегім" деп, оған бейнелі түрде ерекше сипат береді.

Англияның тарихи деректеріне сүйенсек, ежелгі дәуірде Англия халқының баспаналары қорғаныс кезінде өте нашар болған делінеді, яғни 1066 жылы нормандар басшылығымен қорғаныс орындарының салыну басталды. Тұрғындар қаһарынан қорықкан нормандар "тұнгі үйқы" кезінде өлтіреп кетпесі үшін берік баспа керек" деп батпақтан үй салып, ағаштардан мұнар тұрғызды. Бұлардың айналасына ор қазды, қакпан қойды. Осы тұрғыда үй салудың, үйдің ассоциативті түрде қорғанға бағалануы, "My house is my castle" мақалының шығу және тілде қалыптасуына негіз болған деп анықталынды.

Еңбекке қатысты этнолингвистикалық уәжі. Еңбек тақырыбына арналған мақалдардың қайсысы болса да, ақыл-өсiet түрінде айтылады. Еңбек ету оңай еместігін, қыншылығы мен бейнеті, ауырталығы барлығын ескерtedі. Осылардың бәрін еңбегімен жеңген адам ғана мақсатына жететіндігін аңғартады. Мақалдардың көпшілігі жағымды қасиеттерді насиҳаттап, бірлікке, татулыққа, адалдыққа, батырлыққа, еңбекқорлыққа, білімге, т.б. шақырады. Қазақ халқы "Малым жаным садағасы, жаным арым садағасы" десе, ағылшындықтар "Honesty is the best policy" – «Әділдікке жүгінбейтін адам жоқ» дейді.

Қазақ халқы: "Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" десе, ағылшын халқы: "All work and no play makes a dull boy" – «Еңбек тоқтық, жалқаулық жоқтық әкеледі» деп үйретеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипатын анықтауда “қазақ” және “ағылшын” лексемалармен келетін мақал-мәтелдердің орны өзгеше. Ұлттық-мәдени компонентерді пайдаланып жүргізген этнолингвистикалық зерттеулердің негізгі бағыты-лингвистикалық, этномәдени, этнопсихологиялық, әлеуметтік, мәдени т.б. факторлардың тілдің дамуына тигізетін әсері, яғни ұлт тілі арқылы ұлтты тану, оның болмысын, ойлау жүйесінің ерекшелігін анықтау болып табылады. Этностиң танымынан туындаған қанатты сөздер – мақал-мәтелдер сияқты тілдердің сөздік қорында ғасырлар бойы қордаланып шоғырланған лексикалық қазына болып табылады. Олар этнос болмысына қатысты бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді сөйлестеді. Тіл арқылы, тілдердегі мақал-мәтелдер арқылы халықтардың ұлттық түсінігімен, ұлттық дүниетанымымен таныс боламыз. Эр халықтың өзі туралы айтылған мақал-мәтелдерінде, қанатты сөздерінде халық өмірінің сипаты, ұлттық психологиясы көрініс табады.

Ағылшындықтардың өздері туралы айтылған қанатты сөздері де оның шаруашылығына салт-дәстүріне, мінез – құлқына, тарихи оқиғаларға т.б. сол сияқты жағдайларға байланысты туындаиды. Эр халықтың ұлттық мақтанышы бар. Ағылшын халқы да ол сезімнен кенде емес. Ұлттық мақтаныш сезімі бұл халықтың қанатты сөздерінде көптеп көрініс табады. Ағылшындар өздерін шыншыл, турашыл, білімді халықпаз деп мақтанады. Ағылшын халқы кейбір деректерге жүгінсек, бақыты онынан туған делінеді. Өмір сүріп отырған басқа мемлекеттер үшін, ағылшындар ғажайып, таңғажайып әлемде өмір сүріп жатқан халық, яғни төрт түлігі сай, ерекше өмір сүру өнерімен көзге түседі. Ағылшын халқы ойлы ұшқыр, кен, тапқырлығы жоғары және өмір сүру деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Леонтьев, А.А. Взаимодействие культуры и языков. Языковое сознание и образ мира /А.А.Леонтьев// Язык и сознание: парадоксальная рациональность. -М.: Ин-т языкоznания РАН, 1993.-С. 174.
2. Толстой Н. И. Язык и народная культура [Текст] : очерки по славянской мифологии и этнолингвистике / Н. И. Толстой. - 2-е изд., испр. - Москва : Индрик, 1995. - 509 с.
3. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері/Ә.Т.Қайдар.-Алматы: Ана тілі, 1998.- 304 б.
4. Сүлейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі/Э.Д. Сүлейменова.-Алматы: Фылым, 1998. – 544 б.
5. Телия В.Н. О специфике отображения мира психики и знания в языке/ В.Н.Телия // Сущность, развитие и функции языка - М.: Наука, 1987. -С.65-75.
6. Маслова, В.А. Лингвокультурология/В.А. Маслова -М.: Академия, 2001.-183с.
7. Сәтенова, С. Лингвомәдениеттану және лингвомәдени бірліктер: жалпы және салғастырмалы фразеологияның өзекті мәселелері: ғылыми мақалалар жинағы /С.Сәтенова. - Алматы, 2003. - 165 б.
8. Ақбосаға. Алматы облыстық Қазақстан Халық Ассамблеясы.–Алматы: Принтланд, 2008.-52 б.

*Алия Аязбаевна, магистрант
Академии наук Академии наук
им. С. Баясева*

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ И ЛИНГВОКУЛЬТУРАЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА АНГЛО-КАЗАХСКИХ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК

Резюме

В данной статье рассматривается исследование пословицы и поговорки с точки зрения лингвокультурологии и этнолингвистики.

Ключевые слова: пословицы, этнолингвистика, лингвокультурология, язык, перевод

*Uais A. A., master's degree student
Aktobe University
named after S.Baishev*

ETHNOLINGUISTICAL AND CULTURAL LINGUISTICAL CHARACTERISTICS OF THE ENGLISH - KAZAKH PROVERBS AND SAYINGS

Summary

This article deals with research on proverbs from the point of cultural linguistics and [ethnolinguistics](#).

Keywords: proverbs, [ethnolinguistics](#), cultural linguistics, language, translation

ТАРИХ,ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ
ИСТОРИЯ,ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ

УДК 1

Жарасбаев Е.Е. магистр
С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе университеті

ҚАЗАҚСТАНДЫ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУДА, КОММУНИКАЦИЯ НЕГІЗГІ
ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОР РЕТИНДЕ.

Аннотация

Қоғамдық сана, қоғаммен байланыс PR ол адамдар арасындағы ойдың қалыптастыруши, ол азamat қоғамының даму барысында, бағытын айқындау барысында жатқан қажеттілік.

Кілт сөздер: Демократия, билік, коммуникация, қоғамдық сана, PR (қоғамдық пікір), ментальдық ерекшелік.

Қоғамдық қатынастарды демократияландыру процесі - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Қоғам тоталитарлық пен таптық көзқарастағы саясаттан тазарған сайын демократияның өмірдің әр саласында кеңінен етек алуы заңды құбылыс. Бұл бағытта Қазақстан да басқа елдер қатарында өзінің алғашқы қадамдарын жасауда. Демократия нышандары неғұрлым тереңдеген сайын, Қазақстанның әлемдік аренада беделі арта түсіде, әрине тоталитаризмнен демократияға өту бір күннің, немесе бір жылдың шаруасы емес. Қоғамда демократиялық қатынастарды орнықтыру үшін оның саяси, экономикалық, мәдени және рухани, ментальдық алғышарттары жасалуы тиіс. Керісінше болған жағдайда, демократия жалаң сөзге айналып, саяси партиялар мен шағын топтардың қолшоқпары болатыны белгілі. Ел басы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан 2050» стратегиялық бағдарламасында осы жағдай баса көрсетіледі. Демек демократиялық құндылықтардың қазақ менталитетінде немесе Қазақстан қоғамында орын тебуі ұзак мерзімді қамтитын тарихи процесс. Бұл жолда асығыстық жасау немесе халықты демократияның батыстық моделін қабылдауға дайын емес деп айыптау, кінә тағу қажетсіз. Әр халықтың, мәдени жүйенің демократия жайлы түсінігі бар екендігін ұмытпаған маңызды.

Қоғам демократиялық құндылықтар басынқы жағдайға ие болуын қамтамасыз ету көп жағдайда демократияның басты принциптері болып саналатын әділеттілік, тенденция, адам құқығының сақталуы, жалпы демократиялық мәдениеттің адамдар мінез-құлқы мен іс-әрекеттері де орнығына тікелей байланысты. Олай болса, қазіргі қоғамдық қатынастар жүйесінде жүріп жатқан демократиялық процесстерді түсіну мен қабылдау ғасырлар бойы қалыптасқан демократиялық мәдени дәстүр мен салтқа, дүниетанымдық қағидалар мен ұстанымдарға да тікелей байланысты. Бұл жөнінде Ә.Нысанбаев «Шығыс пен батыстың әр бағыттылық әсері далада номадалық өндіріс тәсіліне негізделген көшпендейтілік демократияны қалыптастырыды. Қазақтардың еркіндік сүйгіштігін деспотизмді мойын сынбағаннан, салыстырмалы еркіндігі мен әйелдердің тенденциенен, тұлғаны сыйлауы мен билік алдында құрдай жорғаламауын көреміз.

Көшпендердің еркінсүйгіштік өмір салты казактың дәстүрлі қоғамындағы институт құрылымының қызметіне де өзіндік әсер етті» - деп жазады. Шындығында қазақтардың бүгінгі демократиялық құндылықтарды тез қабылдауының негізінде осында тарихи дәстүр жатқаны ақырат. Олай болса, демократиялық құндылықтарды қабылдау менталитетке, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр мен мәдениетке байланысты. Демократияға бастар жолдың ментальдік негізі барша халыққа бірдей емес, оның әмбебаптық үлгісі жоқ. Эр халық демократияға жетудің өзіндік жолын таңдайды.

Дегенмен, демократиялық мемлекеттердің көп түрлілігі мен дәстүрлік, салттық, ментальдік ерекшелігіне қарамастан, оларға тән ортақ белгілер де жоқ емес. Олар мыналар: халықтың заң жүзінде билік көзі болып қалуы; олар жоғарғы билік органдарына өз өкілдерін сайлауға және дер кезінде оларды ауыстырып отыруға құқылы; қоғамның әр саласында тенденциялық әділдікті, бостандық пен еркіндікті қамтамасыз етуі және осы принциптерге сай өмір сүруге ұмтылышы; азшылықтың көпшілікке бағынуы, азшылықтың өз пікірі болатыны және онымен санасу керектігі; сайлаудың еркіндігі, балама үміткердің болуы; т.б. жатқызуға болады.

Демократия деген сөз гректің «демос» - халық және «кратос» - билік деген сөздерден тұрады. Басқаша айтқанда, халық өз тағдырын өзі шешуге ат салысып, белсендердің танытады. «Билік көзі - халықта» деген қағиданың нақты жүзеге асуы жоғарыда көрсетілген демократиялық принциптердің нақты орындалуына тікелей байланысты. Әрине, демократиялық құндылықтардың қоғамдық қатынастар жүйесінде нақты орнығы, олардың қоғамдық ой, санада нық сінігі яғни коммуникация мәселесінде алда болуы нақты әлеуметтік практикада ұзақ та қын күрделі процесс. Мәселен демократиялық дәстүрге бай Америка мен Батыс Европа елдері демократиялық құндылықтардың қоғамдық ойда, қоғам санасында толық орнығып болды деген мәселе емес. Демократиялық құндылықтар күнделікті адамдардың мінездегі құлқы мен іс-қимылданда толық орнады деп айту үшін ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи дәстүр мен мәдениет өз көріністерін күнделікті өмірдегі адамдардың мінездегі құлқында көрініс табуы керек.[1]

Учебное пособие А.Белботаева и Ж.Буланбаевой [9] представляет собой переработанный и дополненный вариант выпущенной ранее книги «Казахский язык для начинающих». Пособие предназначено для тех, кто приступил к самостоятельному изучению казахского языка, написано доступным языком, снабжено важными примечаниями, характеризующими особенности казахской орфографии, лексики, изобилует примерами. Авторы предлагают читателю методику выработки орфографических навыков профессора А.Жунисбека, приводят таблицу специфических звуков казахского языка. Вместе с тем текст книги содержит некоторые неточности. Не совсем корректно с научной точки зрения подана характеристика некоторых языковых единиц. Характеристика казахских звуков представлена непоследовательно, зачастую с опорой на интуитивные знания авторов, а не научные данные, известные лингвисту – специалисту в области русского языка.

Не умаляя значения анализируемой книги, которая в своей основной части содержит большое количество необходимой информации и, без сомнения, может быть плодотворно использована при изучении казахского языка, считаем важным подчеркнуть, что подготовка учебных пособий такого плана для русскоязычного читателя должна производиться специалистами, владеющими теоретическими знаниями не только в области казахского, но и в области русского языка.

Специальность «казахский язык для школ с неказахским языком обучения» обычно выбирают, в основном, выпускники казахских школ, которые по объективным причинам почти не имеют представления о специфических особенностях русского языка, оказывающих интерферирующее влияние на усвоение казахского языка, и, что не менее важно, о тех языковых явлениях, которые могут послужить опорой при усвоении носителями русского языка новых знаний из казахского языка. Полагаем, что соответствующая подготовка должна быть предусмотрена в программе обучения специалистов данного профиля путем введения в типовой план специальности дисциплин «Практический курс русского языка», «Современный русский язык», «Контрастивная лингвистика».

Учебник И.Кубаевой, по словам самого автора, может быть использован в качестве самоучителя. Книга написана на русском и английском языках, причем все тексты приведены на двух языках. Основу учебника составили 15 уроков, которые структурированы по единой схеме: грамматика – словарь - закрепление – многозначные слова - пословицы и поговорки – этнокультурологический и исторический материал - грамматические и лексические задания. Тексты адаптированы автором, материал отобран и минимизирован с учетом «конкретных жизненных потребностей русскоязычных и англоязычных личностей, проживающих в Казахстане» [8, с.4]. Как отмечает И.Кубаева, учебник подготовлен с использованием опыта мировой методики обучения иностранным языкам, а учебный материал позволит удовлетворить повседневные коммуникативные потребности личности.

Иновационный учебно-методический комплекс, подготовленный авторским коллективом под руководством Э.Д.Сулейменовой, состоит из пяти частей: «Тіл

ұстарту» - основной учебник, «Анықтағыш» - грамматический справочник, «Сұхбат» - аудиоучебник в комплекте с двумя компакт-дисками, «Бейнежазба» - видеоучебник в комплекте с двумя дисками, «Үнжария» - учебник для работы с газетой. В предисловии к учебному курсу авторы отмечают, что работа была начата по инициативе и поддержке Американского совета по сотрудничеству в области образования и изучения языков.

Учебник «Тіл ұстарту» предназначен для всех желающих изучать казахский язык с различным уровнем владения языком, в первую очередь, взрослой аудитории. С данным учебником можно работать самостоятельно или под руководством преподавателя. Как подчеркивают авторы, учебник может заинтересовать казахов, владеющих лишь бытовым языком.

Избранный авторами принцип подачи материала интересен для тех, кто сталкивается с методическими проблемами при обучении казахскому языку, поэтому считаем необходимым подробно остановиться на основных особенностях этого уникального комплекса. Подбор материала осуществлялся с учетом жизненного опыта и уровня образованности обучаемых – взрослых слушателей. Лексический и грамматический материал частей комплекса согласован между собой, поэтому занятия ведутся параллельно по всем частям комплекса. Так, работа по учебнику «Тіл ұстарту» предполагает параллельную работу с грамматическим справочником, сопровождается работой по развитию аудирования и говорения в условиях, максимально приближенных к спонтанной речи, «Сұхбат» построен на типичных коммуникативных ситуациях с использованием активно употребляющейся лексики и грамматических конструкций. Занятия по основному учебнику в обязательном порядке сопровождаются работой с газетным материалом, которая систематизирована в книге «Үнжария».

Основная цель работы с этим учебным комплексом – значительно расширить лексический запас и привить умение работать с газетными текстами, которые, как известно, наиболее оперативно отражают изменения в лексике языка. Кроме того, газета дает возможность погрузиться в контекст современной повседневной жизни казахстанцев.

Преимущества описываемого учебного комплекса, которые позволяют рекомендовать его при разработке курсов казахского языка как государственного для взрослых, видятся в следующем:

- согласованность всех частей комплекса;
- использование в учебнике «Бейнежазба» художественного фильма, который, по справедливому замечанию авторов, «как никакой другой видеоматериал, обладает большими возможностями для активизации механизмов понимания спонтанной речи» [11, с.7], что обусловлено включением эмоциональных каналов восприятия;
- использование принципа возрастающей трудности в подаче всех материалов. В порядке возрастания трудности подан газетный материал, по такому же принципу разработан основной учебник «Тіл ұстарту», включающий два раздела, которые различаются по сложности материала: «Тіл ашу» (для начинающих), «Тіл ұштау» (для продолжающих);
- использование опорных сигналов - схем и рисунков, позволяющих усваивать безэквивалентную лексику;
- последовательность изучения грамматического материала определена особенностями строя казахского языка, что, по нашему мнению, является немаловажным фактором сознательного усвоения грамматики языка, имеющего типологические отличия от родного языка обучаемого;

- хорошо представлены лингвострановедческие сведения и особенности казахского речевого этикета, оригинальные неадаптированные тексты, что обуславливает достаточно глубокое проникновение в картину мира казахского народа;
- введение слов тематическими блоками с опорой на казахско-русские словари, данные в конце учебников, позволяют существенно пополнять активный словарь обучаемых.

Таким образом, краткая характеристика учебников казахского языка как государственного для взрослых позволяет констатировать, что недостатка в учебно-методических материалах в этом направлении нет.

Главная проблема, которая по-прежнему остается актуальной в освоении взрослым населением РК казахским языком – это, по нашему мнению, уровень мотивации носителей языка. Причина низкой мотивации в овладении казахским языком как неродным (вторым) заключается в возможности успешного повседневного коммуникативного взаимодействия на другом (русском) языке без дополнительных усилий со стороны носителя языка («зачем изучать другой язык, когда меня отлично понимают и на этом»).

Только активное полноценное функционирование языка в различных сферах жизнедеятельности, обусловленное соответствующей языковой ситуацией, может стать главным фактором освоения языка взрослым населением, для представителей которого казахский язык является неродным или родным, но вторым. Такая языковая ситуация, когда владение государственным языком становится жизненной необходимостью, формируется в результате грамотной языковой политики государства.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Жарикбаев, К.Б. Антология педагогической мысли Казахстана/ К.Б. Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. - 512 с.
2. Артыкова, Т.М. Педагогические условия формирования учебной языковой среды при обучении государственному языку: дис. ...канд. пед. наук / Т.М.Артыкова. - Алматы, 2003.- 175 с.
3. Аяпбергенова,К.Г. Некоторые вопросы преподавания казахского языка в русской аудитории:методическое пособие/ К.Г.Аяпбергенова.- Алматы: Алмаатинский госмединститут им. С.Д. Асфандиярова,1990.- 92 с.
4. Бектуров, Ш. Қазақ тілі для начинающих: учебник для аудиторных и кружковых, самостоятельных заданий / Ш.Бектуров, А.Бектурова.- Алматы: Рауан, 1994.- 400 с.
5. Бизаков, С. Элементарный курс казахского языка /С.Бизаков.- Алматы: Рауан,1996.- 224 с.
6. Джунисбеков, А. 365 уроков казахского языка / А.Джунисбеков. – Алматы: ВСРК Инженерный центр Советы Казахстан ШколаАлеке, 1994. – 144 с.
7. Джусупов, М. Звуковые системы русского и казахского языков. Слог. Интерференция. Обучение произношению / М. Джусупов. - Ташкент: Фан, 1991.- 239 с.
8. Ержанов, М.Е. Мы изучаем казахский язык: учебно-методическое пособие / Ержанов, М.Е. - Алматы: Казахстан, 1992. – 249 с.
9. Оралбаева, Н. Изучаем казахский язык / Н. Оралбаева, Х. Есенов, С. Хайруллина. - Алматы: Мектеп,1989.-336с.
10. Лукпанова, Г.Г.Казахский язык в задачах и заданиях / Г.Г. Лукпанова, М.А. Орлова .- А.: Жибек Жолы,1998. -120 с.

11. Қазақша сұхбат: Компьютерный самоучитель казахского языка [Электронный ресурс] - Алматы: Парад, 1998.
12. Молдабеков, К. Уроки казахского языка для взрослых: пособие для самостоятельно изучающих казахский язык / К. Молдабеков, Б. Кулмагамбетова, Ж.Елемесова. - Алматы: Рауан, 1999.- 208 с.
13. Нуршаихова, Ж.А. Начало... Бастау: Интенсивный курс разговорного казахского языка для иностранцев и русскоговорящих / Ж.А. Нуршаихова. - А.: Қазақ университеті, 2002.- 94 с.
14. Кубаева, И. Казахский язык. Просто о невероятно сложном. Kazakh language. Madease / И.Кубаева. – Алматы, 2003.-458 с.
15. Белботаев, А. Тілашар. Руководство по изучению государственного языка: учебник / А.Белботаев, Ж.Буланбаева.- Алматы: Глобус, 2005. – 216 с.
16. Сулейменова, Э.Д. Анықтағыш. Грамматический справочник: углубленный курс по изучению казахского языка / Э.Д. Сулейменова, К.К. Кадашева, Д.Х. Аканова. - Астана: Арман-ПВ, 2007. - 212 с.
17. Сулейменова, Э.Д. Аудиоучебник [Мәтін]: углубленный курс по изучению казахского языка / Э.Д. Сулейменова, К.К. Кадашева, Д.Х. Аканова.. - Астана: Арман-ПВ, 2007.- 212 с.
18. Сулейменова, Э.Д. Видеоучебник: углубленный курс по изучению казахского языка / Э.Д. Сулейменова, К.К. Кадашева, Д.Х. Аканова. - Астана: Арман-ПВ, 2007.- 264 с.

*Н.М.Жаннейісова ф.г.д.,профессор
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ РЕТИНДЕ: ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚТАР Түйін

Мақалада қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда ересектерге арналған оқулықтардың жағдайы тарихи тұрғыдан қарастырылады және қазіргі инновациялық оқу құралдарының артықшылықтары көрсетіледі.

Ересектердің мемлекеттік тілді менгерудегі басты факторы тілдік жағдай деп санайды автор.

***Kітт сөздер:** қазақ тілі екінші тіл ретінде, ересектерге арналған оқулық, инновациялық оқу құралдары, тілдік жағдай.*

*N.M.Zhanpeissova
Professor of the Department
of Philology and Translation
of Aktobe University
named after S.Baishev, Doctor of Philology,*

AZAKH LANGUAGE AS THE STATE: TEXTBOOKS FOR ADULTS

Summary

In an article in historical perspective the problem of writing textbooks of the Kazakh language as a second adult. Describes the advantages of modern innovative learning tools.

The author believes that the main factor in the development of the state language by the adult population is a linguistic situation.

Keywords: *Kazakh as a second language, textbook for adults, innovative learning tools, language situation.* .

УДК 373.2

Жұмабек Т.С., оқытушы,
Комарова Д.Т., аға оқытушы
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аннотация

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қазіргі таңда қолданылатын инновациялық технология түрлері қарастырылады.

Кілт сөздер: педагогикалық технология, инновация, инновациялық білім құралдары, триз және ойын технологиялары.

Бұгінгі таңда білім мен ғылым саласына педагогикалық технологияларды енгізуіндің алар орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде педагогикалық технологиялар түсінігі кеңінен қолданылуда. Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Егеменді еліміздің жас үрпағын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптастасуы мен дамуында тәрбиешілердің педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек үрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау - қазіргі таңдағы әрбір тәрбиешіге жүктелетін міндет.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру басты мәселенің бірі болып отыр. Білім берудің алғашқы сатысы балабақша табалдырығынан басталатыны баршамызға белгілі. Оның мақсаты мектепке дейінгі білім, мектеп жасына дейінгі тәрбиленушілердің бірдей білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету болып табылады. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық-әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үніліп, ұғына білуді талап етеді.

Баланың жеке тұлға ретіндегі өзіндік дамуы, көзқарасының қалыптастасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Мектепке дейінгі ұйымда балаларға көтеріңкі көңіл-күй туғызатын, түрлі шығармашылық тақырыптарға толы ақпараттық ортаны пайдалану кеңінен қолданылады.

Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Қай кезеңдерде болмасын балабақша қоғамның әлеуметтік экономикалық және мәдени салаларындағы өзгерістерге икемделіп отырған. Әр кезеңге сай оқыту теориялары, оқыту процесін ұйымдастыру мәселелері де өзгеріп, жаңа сұраныстарға жауап берердей бейімделген.

Қазіргі таңда білім беру үрдісінде 50-ден астам оқытудың жаңа технологиялары қолданылады. Олардың бірнеше түрлері мектепке дейінгі мекемелерде көрініс табуда. Жаңа технологиямен жұмыс жасау барысында тәрбиешілер газет-журнал, ақпарат көзі болып табылатын интернеттен қажетті мәліметтерді ала отырып, күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне өзгеріс, жаңалықтар енгізеді. Осылайша тәрбиешінің жеке басында өз бетімен ізденіс дағдылары, іскерлік қабілетін жетілдіретін жаңашыл шығармашылық түлға қалыптасады.

Инновациялық білім құралдарына аудио, видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар және т.б. жатқызуға болады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мультимедиялық оқулықтарды кеңінен пайдалану ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызыры анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде көрнекі құралдарды жиі ауыстырмаған болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары анық. Мультимедиялық оқулықтар баланың қызығушылығының артуына, зейін қойып тыңдап, талдауға көп септігін тигізеді. Сонымен қатар бұлдіршіннің білім алу кезеңінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Себебі бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түрлі-түсті ойыншықтарға немесе суретке, яғни әдемілікке, әсемдікке жаңы құмар болады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай, қабылдау мүмкіншіліктерін ескере отырып, жаңа технологияларды мектепке дейінгі ұйымда тиімді пайдалану қажет екені ескеріледі. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне берілетін ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің тақырыптары балалардың даму деңгейіне сәйкес кеңінен түсіндіріліп отырады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түрін, яғни жобалау қызметінің технологиясы, денсаулықты сақтау, зерттеушілік қызмет, педагог портфолиосы, триз және ойын технологияларын атап көрсетуге болады.

Жобалау қызметінің технологиясы кез келген ізденімпаздық, зерттеушілік, тәжірибелік міндеттердің шешімін табу үшін нақты мақсатқа бағытталған.

Денсаулықты сақтау технологиясы – тәрбиеленушінің білім алуы мен дамуының барлық кезеңдерінде, оның денсаулығын сақтауға бағытталған барлық білім беру факторларының өзара байланысуы мен әрекеттесуін қамтамасыз ететін, баланың бойында салауатты өмір салты бойынша қажетті білім, білік, дағдыны қалыптастыратын өлшемдер жүйесі. Денсаулықты сақтау мен ынталандыру технологияларына ортопедиялық жаттығулар, көзге арналған жаттығулар, релаксация, демалу жаттығулары, саусақ жаттығулары, түзету жаттығулары, қымыл-қозғалыс және спорттық жаттығуларын жаттығулау жаңалықтарын, нүктелі массаж, ертегі терапиясы, логориттика, арттерапия және түстер терапиясын атауға болады.

Зерттеушілік қызмет технологиясы – мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің бойында ойлауға қабілеттілікті қалыптастырады. Шығармашылық жобаларды ұйымдастыру жұмыстары барысында тәрбиеленушілерге кез келген нәрсені зерттеу негізінде немесе эксперимент жүргізу барысында шешімі оңай табылатын жобалық тапсырмалар ұсынылады. Экспериментальдық зерттеушілік қызметті ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері: әңгімелесу, бақылау, жобалау (табигат құбылыстарын бақылау жобасын құру), табигат бейнесі (ағаш, ғулдердің иістерін, құстардың дыбыстарын т.б.), көркем сөздерді пайдалану, дидактикалық ойындарды пайдалану.

Педагог портфолиосы технологиясы. Қазіргі білім беру жүйесі заман талабына сай білім берудің жаңа технологияларын, психологиялық-педагогикалық диагностика тәсілдерін менгерген, құзыретті педагогты талап етеді. Мұндай басымдылыққа педагог портфолиосы негізінде қол жеткізуге болады. Дидактикалық онлайн альбом мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс жасауда тілдік жетіспеушіліктерін дамыту мақсатында ұсынылады.

Триз технологиясының мақсаты – баланың тілін дамыту, шығармашылық киялын шындау. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда 3 негізгі мақсат басты назарға ұсынылады: 1) Ауызша сөйлеуге үйрету, сөздік қорын дамыту; 2) Сөз дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету; 3) Дұрыс байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Ойын технологиясы – айналадағы дүниені тану тәсілдерінің бірі. Ойын балаларға өмірде кездесетін қынышылықтарды жену жолын үйретіп қана қоймай, олардың ұйымдастыруышылық қабілеттерін қалыптастырады. Ойын құрамына жүйелі бірізділікте мыналар енгізіледі :

- 1) Заттардың сипаты, негізгі белгілерін салыстыра алу біліктерін қалыптастыратын ойындар мен жаттығулар;
- 2) Накты бір сипаттамасы бойынша заттарды бір-бірінен ерекшелейтін ойындар;
- 3) Шынайы құбылыстардан жалған құбылыстарды ажыратып алу біліктілігін дамытатын ойындар;
- 4) Өзін-өзі менгеруге, тез жауап қайтара алу біліктілігін тәрбиелейтін ойындар.

Инновациялық технологияларды мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асыру үшін мына жағдайлар басты назарға алынуы тиіс:

- білім беру мен тәрбие сапасын арттыру;
- тәрбиешілердің біліктілігін көтеру;
- педагогикалық тәжірибе мен оның жүйелілігін енгізу;
- тәрбиеленушілерді компьютерлік технологиялармен қамтамасыздандыру;
- тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау.

Оқу процесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалана білу үшін тәрбиеші оқытудағы заманауи озық технологиялардан хабардар болып, білім саласындағы соңғы жетістіктерді балаларға дер кезінде жеткізіп, ортақ игілікке айналдыра білгені жөн. Мектепке дейінгі білім беру үрдісінде ақпараттық технология құралдарын қолданудағы мақсат баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылығын болуы олардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетке белсенді, білімнің сапалы болуына, басқа да іс-әрекеттерге жағымды түрткісін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ даналығында «Баланды бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін дейін құлыштайдай жұмса, он бестен асқан соң досындағы сырлас» деген сөздін терең философиялық мәні зор. Тәрбие мен білімнің алғашкы діңгегі – мектепке дейінгі тәрбие ошағында берілетін болса, жарқын болашақтың тамырын терең, тұғырын биік етіп ұстайтын жас ұрпақ қазіргі бұлдіршіндеріміздің бойына салауатты өмірді серік етіп, оларды әлемдік заманауи біліммен қамтамасыз ету, тәуелсіз еліміздің білімді ұрпағын тәрбиелеу сіз берің біздің ортақ мақсатымыз деп білген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика / Ф. Жұмабекова. -Астана, 2012. -89 б.
2. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология / К.Ж.Бұзаубақова. – Тараз, 2003.- 24 б.

Жұмабек Т.С., преподаватель
АУ имени С.Баишева
Комарова Д.Т., старший преподаватель
АУ имени С.Баишева

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Аннотация

В данной статье рассматривается использование различных видов инновационных технологий в дошкольной организации.

Ключевые слова: педагогическая технология, инновация, средства инновационных обучений, игровые технологии и триз.

*Jumabek T.S., senior teacher
ofAktobe university named after S.Bayshev
Komaroba D.T., senior teacher
ofAktobe university named after S.Bayshev*

USAGE OF INNOVATIONAL TECHNOLOGIES IN PRE-SCHOOL ORGANIZATION

Summary

In that article is considered the usage of different kinds of innovational technologies in pre school organization.

Key words:pedagogical technology, innovation, the direction of innovations education, the technology of triz and games.

УДК 37

*Карлабаева А.А. ага оқытуши,
Мамбеталина А.А. ага оқытуши
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛК ТӘРБИЕСІН ҚАЛЫПТАСТАСЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТИНДЕ

Аннотация

Халық педагогикасы балалардың адамгершілк тәрбиесін қалыптастыру құралы ретінде қолданылады. Мақалада оқушылардың адамгершілк тәрбиесін қалыптастыруда халық педагогикасының маңызы мен ролі баяндалады.

Кілт сөздер: халық педагогикасы, адамгершілк тәрбиесі, тұлға, қазақ халық педагогикасы, мораль

Бүгінгі таңда адамзаттың тарихи дамуы мен ғылыми-техникалық процестің жеделдеуіне сәйкес жеке адамның шығармашылық, рухани, адамгершілк және

салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру негізгі көкейтесті проблеманың бірі болып отыр. Осыған байланысты оқушыларда адамгершілік тәрбие беру мемлекеттік, әлеуметтік маңызды ие педагогикалық тұрғыдан зерттеуді қажет ететін мәселе. Үлттық рухани мұра арқылы оқушының рухани деңгейін арттырып, адамгершілікке тәрбиелеге алғашқы қадамдар жасала бастады. Республика тарихында тұңғыш рет «Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» қабылданып, онда ана тілі арқылы имандылық, адамгершілік тәрбие беру міндетіне ерекше мән берілген. [1].

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған қысқа тарихи кезең ішінде әлемдік өркениетпен ықпалдаса жаңа прогресшіл технологияларды пайдалана отырып, саяси, мәдени, экономикалық өркендеу жолында табысты қоғамдық дамудың кепілі ретінде қазіргі білім беру жүйесін қайта құрып, жетілдіру ісіне барынша мән беруде.

Қоғам дамуы жағдайындағы әлеуметтік өзгерістер мен жаңа халықаралық катынастардың орнауы, көп үлтты еліміздің әлемдік білім беру көністігіне енуге талпынысы жолындағы жасап жатқан батыл қадамдары жалпы адамзаттық және үлттық құндылықтарға жаңаша қарауды талап етіп отыр.

Сондықтан қазіргі жалпы орта білім беру мектептері уақыт талабына сай әлемдік бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда ұлт мәдениетін жетік менгерген оқушылардың халықтық педагогика негізіндегі терең теориялық дайындығына айрықша ден қоюы қажет.

Халықтық педагогика – бұл сан ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, тәжірибесі мен құнды идеялары жетіліп, толысып, ұрпақтан-ұрпаққа тарихи-мәдени сабактастықта беріліп келе жатқан үлттық рухани-материалдық мол қазынамыз [2, б.276]. Үлттық мұраны терең меңгеру бүгінгі жеке тұлғаның әлемдік және үлттық мәдениет жүйесіне бойлауын қамтамасыз етіп қана қоймай, жас ұрпақ бойында жоғары моральдық-адамгершілік құндылықтарды, үлттық сананы тәрбиелеге, үлттық рухты оятып, өз халқының ата дәстүрі мен тарихи қалыптасқан рухани-мәдени қазынасына аялы көзқарасын, мактандырылған қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал, тұлға бойында үлттық рух күшин оятып, азаматтық тұлғаны қалыптастырып, әлеуметтендірудің басты шарты – бұл ана тілін, үлттық дәстүрді, үлттық мәдениет пен әдебиетті, тарихты терең менгеру. Осындай сабактастық халықтың өткендегі тарихи дәстүрлі педагогикалық мәдениетін саналы менгеру арқылы бүгінгі жан-жақты тұлға қалыптасуындағы көптеген қарма-қайшылықтардың шешімін тауып, тәрбие міндеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді. Үлттық рухты биік ұстанып, бағалайтын, рухани мықты ұрпағы бар ел ғана қандай да болмасын мәдени, саяси, экономикалық дағдарыстардан сүрінбей, мойымай өтері хақ. Осы жолда мемлекет саясатын жүзеге асыру және жас ұрпақты тәрбиелеге құралы да – үлттық білім беру жүйелерінің оқутәрбие процесінен өз орнын алған қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті болмақ.

Демек өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы өскелен ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін керек ететіні белгілі.

Қазіргі танда жалпы білім беретін мектептердің дамуында он өзгерістер байқалады. Мұнда іс-әрекет пен қарым-қатынас сияқты негізгі күштердің өзара ұтымды байланысы арқылы саналы адамгершілік көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік беріліп отыр.

Адамгершілік тәрбие мәселелері көптеген педагог ғылымдардың (Я.А.Коменский, И.Г.Гербарт, А.Н.Кочетев, А.С.Макаренко т.б.) еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Сондай-ақ, ұлттық тәрбие жөнінде ғұлама ғалымдарымыз Абай, Үбырай және Шоқан мұраларының шоқтығы биік. Оларды рухани ұстазы санаған А.Байтұрысұнов, Шәкәрім, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Н.Құлжанова, С.Көбесев, Ш.Әлжанов және басқа зиялы қазақ қауымының өкілдері үрпақ тәрбиесі жөнінде аз еңбек жазған жоқ. Қазақ зиялышыларының педагогикалық тәғылымдары жөнінде ғылыми-әдеби еңбектер жазып, зерттеулер жүргізген Г.Шаймерденова. А.Көбесов, Ш.Жұматаева, Қ.Үбыраева, А.Құдиярова, Ф.Бұланова, Р.Көшеноғанова, К.Құламбаева, Б.Құлшімбаева және басқа ғалымдардың еңбегін атап өтуге болады.

Демек халықтық педагогика – тәрбиенің басты және қайнар бұлағы, ол тәрбие жөніндегі халықтың білімі мен тәжірибесі. Ұл салада қазақ халқының тәлім – тәрбие мұрасына ерекше мән беріп зерттеген: А.Янушкиевич, В.В.Радлов, Г.Потанин, В.Затаевич, А.А.Деваев есімдерін атауға болады. Соңғы жылдары арнайы халықтық педагогиканы зерттеушілер қатары Г.Н.Волков, Е.Н.Ханбиков, А.З.Измаилов, С.Сафаров т.б толығуда.

Халық педагогикасынан зерттеу негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографикалық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, ойындары, отбасы тәрбиесінің тәжірибелері жатады. Ұл анықтамалардан тәрбие мен оқыту жұмысы халықпен бірге өскен, бірге дамығандығын, санғасырлар бойы халықпен қатар жасап, оның озық ұлгілерін келер үрпаққа мирас етіп келе жатқанын білеміз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы үрпақ тәрбиелеу.

Үрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу - адамгершілік тәрбиесінің жемісі.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз.

Олай болса, халық педагогикасы – нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті халық педагогикасында деуге болады

Жазушы әрі педагог Л.Толстой «Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу түгелдей игі өнегеге саяды. Өзіңіз жақсылап өмір сүрініз, тым құрыса жақсылап өмір сүруге талаптаныңыз, өмірді неғұрлым жақсырақ өткізсөң, соғұрлым балаларыңызды жақсы тәрбиелейсіз» - дейді. Қазақ халқы да педагогикалық қағиданы парасатты мақал-мәтелдер арқылы шебер бейнелеп тұжырымдаған. Оған мынадай сөздер дәлел: «Ұядан не көрсөн, ұшқанда соны ілерсін» немесе «Өнеге күші өлшеусіз», бұған қоса «Жақсы атты тай жағалайды», я болмаса «жақсы бала қонаққа үйір». Адамзат тарихы дәлелдегендей «Адамның күні адаммен», «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар», «Жақсыдан да ауысады, жаманнан да ауысады», Халық даналығы бойынша балаларға игі жақсылықты көп көрсетіп, соған бой ұсындыру керек. Адамгершілік үлгісін өрнектейтін мына бір мақал ата аналар үшін аса құнды: «Ұлың өссе, ұлы ұлгілімен ауылда бол».

Сондай-ақ, қазақ халқы «Өнегенің өресі кең» дейді. Сондыктан да ізгіліктің қолдаушысы неғұрлым көп болуы тиіс. Мақалдың тәрбиелік түйіні рухани құлышының шақырады. Жан жігерінің жалын атып, жарқырай көрінуін тілейді. Адам өз ортасына қарап өседі. «Ағаштан ағаш рең алады, адам тәлім алады». Өмірден талайды түйгендердің пікірлері тәрбиенің кез келген саласымен сәйкес келіп отырады [3].

Мақал-мәтелдерде ұстаздық етуші ұлкендердің қызметіне зор орын берілген. Жетесізден жетекші шықпасын халық жақсы біледі. Ұстаз өз шәкіртінен әлдекайда биік тұруы шарт. Оқудың, білім өсірудің пайдасын қазақ халқы жете бағаған. Қазақ халқы «Тоқытпасаң оқытпа» деп тұра айтқан. Оқытушының ең бірінші қабілеті – ұғындыра білу, терең білім беру дей келе мектептегі шәкірттерге «Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт» деген.

К.Ушинский: «Жеке адам қаншалықты дарынды да дана, жетілген болса да, ол әрқашан да халықтан төмен тұрмак» - дейді. Қазақ халқы да, орыс ғалымы да бір ойдың үстінен шыққан, тек екі түрлі білдірген. «Көп білсең де, көптен артық білмейсің» деп байыпталған. Демек мақал-мәтелдер арқылы адамгершілік тұрғыда жас жеткіншек ұрпақты білімнен ғөрі біліктілікті бағалауға тәрбиелейік.

Адамгершілікке үндеу - қазақ мақал-мәтелдерінен айтсақ, халық педагогикасының кең, арнаулы саласы. Олар - адамгершілікке тәрбиелеудің алғашқы әліппесі, өмір табалдырығын аттаған бастауыш мектеп оқушыларына зор тәлім. Сондай-ақ, нәрестенің шыр етіп дүниеге келу сәтінен басталып, ақырғы деміне дейін кезектесіп келе беретін процесс.

Халық тәрбиесінің қызығы – еңбекке баулу, ел көсегесін көгертер азамат өсіру. «Еңбек ерлікке жеткізеді, ерлік елдікке жеткізеді», «Еңбек етсең –emerсің», «Еңбек етпесең, елге өкпелеме, егін екпесең, жерге өкпелеме», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бейнетсіз рахат жоқ», «Еңбегі аздың өнбегі аз», «Кім еңбек етсе – сол тоқ» деген мақалдар осының айғағы.

Саралап айтсақ, халық мақал-мәтелдеріне арқау болмаған тәрбие саласын кездестіру қыын. «Дұрыс қанаттанған тұзу ұшар» деген қағиданы басшылыққа алған халқымыздың өз ұл-қызына дұрыс, жүйелі тәрбие беруді басты мақсат тұтқаны, ұрпақ тәрбиесін көзден қалдырмағаны айқын аңғарылады.

Қазақ мақал-мәтелдері өзінің тақырыбына қарай түрлі тәрбие міндеттерін атқарады. Орынды қолданылған мақал-мәтелдер - балалар іс-әрекетіне басшылық жасап, бағыт-бағдар сілтеуде тапсырмас тәрбие құралы. Мақал-мәтелдер бала тілін, ақыл-ойын дамытып, өз Отанын, туған жерін, халқын сүюге тәрбиелейді, жаман қылықтардан аулақ болып, адамгершілік асыл қасиеттерді менгеруге, халықтың өнерін сүйіп, еңбекке құрметпен қарауға, жақсы мен жаманды, қас пен досты, сұлулық пен көріксіздікті айыра білуге баулиды. Балаларды өз халқының тыныстыршылігінен хабардар етеді.

Белгілі ғалым Г.Р.Бахтиярованың тұжырымы бойынша «*Қазақ халық педагогикасы* – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан халқымыздың тәртіп нормалары мен құндылық бағдарларының, көрнекті тұлғалардың рухани қызметтерінің нәтижесі мен тұтас білімдері жүйесінің, халық өміріндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың жиынтығын құрайтын педагогикалық тәжірибеленің (эмперикалық білім, білік, дағды) ажырамас бөлігі, халықтың тұтас рухани қазынасы» [4, 1946.]. Біз де автордың пікірімен толық келісеміз себебі жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мақал-мәтелдерін, жаңылтпаштарын, жұмбактарын қолдану орынды. Ал, мұның бәрі халық педагогикасының ең құнды туындылары.

Корытындылай келе, міне, ұрпақтарымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар, елін, жерін сүйетін ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне бұруымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының этикалық – мәдени білім тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан. – 1996. - №3. – Б.3.
2. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті/ Г.Р. Бахтиярова. – Ақтөбе, 2012 – 372 б.
3. Қоңыратбаев, Ә. Қазақ фольклорының тарихы/ Ә. Қоңыратбаев. – Алматы: Ана тілі, 1991. -288 б.
4. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті: тарих, теория және практика: Монография /Г.Р. Бахтиярова. – Ақтөбе, 2012. – 372 б.

*Карлабаева А.А., старший преподаватель
АУ имени С.Баишева
Мамбеталина А.А.,старший преподаватель
АУ имени С.Баишева*

НАРОДНАЯ ПЕДАГОГИКА КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Резюме

В этой статье авторы рассматривают народную педагогику как средство нравственного воспитания обучающихся

Ключевые слова: народная педагогика, нравственное воспитание, индивид, казахская народная педагогика, мораль

*Karlabaeva A.A., senior teacher
ofAktobe university named after S.Bayshev
Mambetalina A.A., senior teacher
ofAktobe university named after S.Bayshev*

FOLKSY PEDAGOGY AS AGENCY OF MORAL UPBRINGING PUPILS.

Summary

In this article the author reveal some questions folksy pedagogy as agency of moral upbringing pupils.

Key words: folksy pedagogy, moral upbringing, kazakh folksy pedagogy, moral.

УДК: 37.09

*Мустоярова А., п.з.к., доцент,
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ МЕН ӘЛЕМДІК БІЛІМ КЕҢЕСТИГІНЕ ЕНУДЕГІ ҮКПАЛДАСТЫҚ

Аннотация

Білім беру жүйесінің әлемдік тәжірибесі мен жасалынып жатқан шарапар баяндады. Еліміздегі білім берудегі тоқыраулар, әлеуметтік жағдай және егемендіктен кейінгі жаңашылдық өзгерістер мен әлемдік педагогикалық тәжірибе талданды.

Кітім сөздер: білім беру, стратегия, әлемдік тәжірибе.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастыруды жүзеге асыру көзделуде.

Білім беру жүйесінің кешегісі мен бұғінгісіне көз жүгіртсек. Педагогика ғылымының теориясы мен практикасына, білім беру жүйесінің дамуына жасаған талдаулар білім беру мен тәрбиедегі “тоқырау” кенеттен пайда болмағандығын көрсетеді. Бұл мәселе 80-жылдардың басында анық байқалып, бірте-бірте жандана түсті. Оның бастаулары 30-жылдардың басында көрініп, 70-жылдары жалпы орта білім берудің күрделі бағдарламалармен оқыту және постиндустриалды қоғамның қарқынды қалыптасу міндеттерін шешуге қабілетсіздігімен байқала бастады [1].

60-жылдардың орта тұсында “Кеңестік білім беру” әлемдік жағдайда алдыңғы орындарға жеткен болатын. Білімдік бағдарламалардың негізділігі, мектеп оқушыларының білім сапасының көрсеткіштері және жоғары, арнаулы орта, кәсіптік-техникалық білім беру масштабының өсуімен ерекшелене түсті.

Кейінгі уақыттарда бұл қарқындылық баяулап, білім беру жүйесіндегі динамизм бойынша Батыс елдерінің алдыңғы қатарлы және Шығыстың дамушы елдерінен ерекшеленуі тоқталды. Елдегі әлеуметтік-экономикалық қарама-қайшылықтар өсті, ал білім беру жүйесі сапалық өзгеріссіз немесе білім беру реформалары жүйесіз сипат алды.

80-жылдарда экономиканың даму қарқындылығы баяулап, бұрынғы идеологиялық бағдар көмекіленіп, әлеуметтік тұрақсыздық, адамдар арасындағы қарым-қатынас өзгерді, нәтижесінде адамгершілік-рухани құндылықтар сипаты өзгеріске түсті. Мұның өзі тәрбиелік қызметтің, әлеуметтік құндылықтардың бағаланбауына әкелді.

80-жылдардың ортасында бірқатар өлшемдер бойынша білім беруде батыс елдерден артта қалушылық көріне бастады. Әсіресе, жоғары білім беру масштабы бойынша дамыған елдерден артта қалушылық байқалды. Шетелдік әріптестер білім берудегі дифференциация мен индивидуализация бойынша алға шықты.

Отандық мектептер білім берудегі үздіксіздік тұрғысынан артта кала бастады. АҚШ мен Англияда білім беру уақыты 12-13 жылды құрады. Көп уақытқа дейін біздің мектептер ұжымдық сипатқа негізделген бірегей стандартқа ұмтылды, нәтижесінде оқушының өз болмысын тану, белсенділігі мен қызығушылығы, шығармашылық әлеуетін дамыту толымсыз болып шықты. Мектеп әлеуеттік ортадан алшақ, өз проблемаларын өз күшімен шешуге ұмтылыс жасау сипатында қалды. Мектеп оқушыларының әлеуметтік бейімділігі мен өмірлік тұрақтылығы, ізденімпаздығы мен шешім қабылдауы т.б. қофам дамуына тікелей қажетті сапаларды қалыптастыруда артта қалды.

90-жылдардың басында экономикадағы қайта құрулар мен өмірдің әлеуметтенуі, елдің нарықтық экономикаға көшуге бет бұрысы білім беру саласына әсер етпей қоймады. Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты білім берудің бастауыш сатысы – мектепке дейінгі мекемелерге ауыр салмақ түсті. Көптеген балалар бақшалары жабылыш, басқа мекемелер олардың орнын басты. Маңыздысы - қалыптасқан тәрбие жүйесі бұзылды.

Көрсетілген қындықтарға қарамастан, білім беру жүйесі әлемдік тұғырын сақтап қалуга ұмтылды. Білім беру жаңа сапаға: өзгермелі, демократиялық және вариативті сипатқа көшті. Оқу мекемесінің типін, бағдарламалар деңгейін, т.б. таңдау мүмкіндігі туды. Білім беру жүйесі жаңа бағыт іздеу, оқыту мазмұнын жаңартуға бет бұрды.

Алдымен білім беру мақсаттарының өзгерісіне, ізінше оның тиімділігі өлшемдері келді. Білім беру жүйесі әлі де болса соңғы нәтиже ретіндегі білім, білік және дағыға бағдарланған. Білім деңгейі мектеп бітірудегі, жоғары оқу орындарына т.б. түсіде негізгі критерийлер ретіндегі қарастырылады. Ежелден белгілі: “көп білім ақылдылыққа үйретпейді”. Сондықтан оқыту жеке тұлғаны қалыптастыруға, дара мүмкіндіктерін дамытуға бағытталуы тиіс [2]. Оқыту, сонымен қатар, тәрбиелік қызметпен сабактастықта өтуі қажеттілігі арта түсті.

Әлеуметтік жағдайды, жаңашылдық өзгерістер мен әлемдік педагогикалық тәжірибелі қазіргі ғылыми тұрғыдан талдау білім беруді дамытудың жаңа бағдары – жаңару стратегиясын таңдауға себепші болды.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары 2010 жылдан бастап, 2019 жылды қоса алғандағы аралықты қамтитын «Қазақстан-2030» стратегиясын іске асырудың келесі кезеңі болмақ.

Стратегиялық жоспарда: «2020 жылға қарай білім беру жүйесінің барлық деңгейлері – мектепке дейінгі білімнен жоғары білімге дейін түбекейлі жаңғыртылатын болады. Білім берудің әрбір деңгейінде білім алу, сондай-ақ кәсіби біліктілікті арттыру, адамның бүкіл өмір бойы тұрақты түрде жаңа білім мен дағыларды алу мүмкіндіктері ұсынылады.

Орта білім беру жүйесінде оқытудың 12 жылдық білім беруге көшуі іске асырылады, ол он жыл ішіндегі жалпыға міндетті білім беруді және екі жыл ішіндегі бейінді білім беруді қарастырады. Бұл ретте оқу бағдарламаларының мазмұны өмірде және мамандықта аса қажетті құзыреттіліктерді дамытуға бағытталатын болады.

Орта білім жүйесін жаңғыртуға ықпал ететін түпкілікті жобалардың бірі - «Назарбаев. Зияткерлік мектептер» жобасы. Бұл мектептер балабақшасы мен мектепалды, сондай-ақ 12 жылдық білім беру бағдарламасы үшін оқу-тәрбие бағдарламаларын өзірлеу, енгізу және сынау жөніндегі бастапқы аландар болып табылады.

Осы бағдарламалар қазақстандық білім берудің озық үлгілерінің әлемдік педагогикалық тәжірибелі озық үлгісімен ұндаесетін, физика-математикалық, химия-

биологиялық бағыттағы пәндер бойынша бағдарлануды қарастыратын, көптілді білім беру ортасын жасауға ықпал ететін болады.

Орта, техникалық, кәсіптік және жоғары білім беруде электронды оқыту жүйесі (e-Learning) енгізіледі.

Білім беруде маңызды жобалардың бірі Астана қаласында әлемдік деңгейдегі беделді жоғары оқу орны Назарбаев Университетін құру жобасын іске асыру болып табылады. Бұл университет Қазақстанның ұлттық мәртебесін өсіріп, отандық инженерлік-техникалық және ғылыми кадрларды даярлауда және қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу инфрақұрылымды қалыптастыруды сапалы серпінді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілді [3].

Қазақстанның жоғары мектебі әлемдік білім беру деңгейіне қол жеткізуге және біртұтас білім беру кеңістігіне енуге ұмтылуда. Төмендегідей мәселелер басты назарға алынды:

- Еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту;
- Білім беру құрылымы 1997 жылғы Халықаралық білім сыныптамасы стандарттарының білім беру бағдарламалары сыныптамасының өлшемдеріне сәйкестендірілді;
- Кредиттік технологияға негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі моделі; бакалавр-магистр-PhD доктор моделіне өту толық іске асырылуда;
- 12 жылдық оқыту моделіне көшу;
- Үш тілді менгерген көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу;
- Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

Білім беру жүйесі ел экономикасы мен Қазақстан қоғамының тұрақты ілгерілеп дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Мемлекетіміздің білім беруді реформалаудағы мақсаттарының бірі - әлемдік білім кеңістігінде жинақталған жетістіктерді менгерге отырып, сапалы өзгерістерді қамтамасыз етуге үлес қоса алатын, рухани мәдениетті, кәсіби құзыретті және өмірлік маңызды құндылықтарды терең түсіне біletін жеке тұлға тәрбиелеу. Бұл мәселенің өзектілігі еліміздегі білім беру жүйесін дамыту жөніндегі ресми құжат - «Білім туралы» заңында көрсетілген.

Білім беру жүйесінің міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-куат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;
- 3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайши және қоғамға жат келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

- 5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;
- 6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;
- 8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;
- 9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;
- 10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;
- 11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;
- 12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;
- 13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;
- 14) мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

Сондықтан қазіргі қоғам талабына сай, баланың ой-әрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, оны өз тәжірибесіне жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой дербестігін кеңейту, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғасын қалыптастырудың бірден-бір жолы – 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу екендігін әлемдегі өркениетті елдер мойындағы отырып.

Қалыптасқан білім беру жүйесіндегі реформаның міндеті тек қана қосымша бір немесе 2 жыл қосу емес, қазіргі қоғамдағы тұбегейлі өзгерістерге сәйкес, XXI ғасыр мектебін жаңартса отырып, алған білімі мен біліктерін өмірде шығармашылық тұрғыда қолдана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғасын қалыптастыру екендігін түсінетін уақыт жетті.

Сондықтан әлемдегі білім беру ісінің даму жағдайын талдай отырып, ерекше үміт күттіретін тенденциясын көрсетуге болады:

- мектеп жүйесіндегі демократизация;
- мектеп тәрбиесінің гуманистік бағыты;
- оқушылардың шығармашылығын, дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігін дамытуға бағытталған оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану;
- оқыту жүйесін модернизациялау;
- тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекет;
- жаңа техникалық құралдарды пайдалану;
- мектептегі және мектептен тыс уақыттағы оқыту мен тәрбиелеуді кіріктіру.

Әлемдегі алдыңғы қатарлы мектептер тәжірибелерін жалпылап, құнды бағыттары мен идеяларын ұлттық психологиямызға сәйкес пайдалана отырып, еліміздегі білім беру мәселесін жаңа жолға қою - өзекті мәселе.

Халықаралық стандарт бойынша жалпы орта білім беру жүйесі 12 жылдан кем емес. Еуропа Кеңесінің университет проблемасы конференциясы 1992 жылы Декларация қабылдады, онда «халықаралық практикада мектепте 12 жылдық білім беруге басымдылық беріледі» деп көрсетілген. Дамыған елдердің көпшілігінде (АҚШ,

Канада, Жапония, Франция, Испания, Польша, т.б.) жалпы орта білім беру 12 жылда беріледі; Германия, Швеция, Чехия, Италияда- 13 жыл, Голландияда- 14 жыл.

Әлемдік білім беру жүйесіне ықпалдасуда Қазақстанда эксперимент алаңдары барлық облыста қарқынды жұмыс жасай бастады. Еліміздің әр облысында эксперименттік мектептер 10 жыл бойы осы бағытта білім берді. 2015 жылдан бастап, балалар бірінші сыныпқа 6 жасынан баратын болды. Бескүндік оқу бағдарламасына сәйкес, оқушыға баға қою қарастырылмаған. Сабактың ұзактығы 35 минут болмақ.

Қазақстанның жағдайында жалпы орта білім берудің ең қолайлы және оңтайлы құрылым **4+6+2** болып табылады.

Мынадай жастық даму кезеңдері ғылыми негізделген: балалық кезең - 6-10 жас; жасөспірімдік кезең -11-16 жас; бозбалалық кезең - 17-18 жас.

12 жылдық орта білім беру құрылымы:

I саты - бастауыш білім беру (1-4-сыныптар).

II саты – негізгі білім беру (5-10-сыныптар).

III саты- орта білім беру (11-12-сыныптар).

Еліміздегі орта білім беру жүйесінің 12 жылдық білім беруге көшуді, әлемдік білім беру кеңістігіне бағдар тұтуы білімге деген көзқарасты жаңаша тұрғыдан қарастыруды көздейді. Ұлттық мектептерді қалыптастыруды міндеттейді.

Бүгінде 12 жылдық білім беруге көшу бастасы аясында бастауыш, орта және жалпы білім берудің міндетті мемлекеттік стандарттарының жобасы даярланды.

12 жылдық білім беру кезінде "Қазақ елі" пәні енгізіледі.

Жалпы орта білім беру 2 жыл (11-12 сыныптар) бітіргеннен кейін түлектер жалпы орта білімі туралы аттестатпен қоса сертификат алады.

Ұлттық бірынғай тестілеуден өткеннен кейін тәуелсіз ұлттық тестілеумен қатар қосымша кәсіби емтихандар тапсырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Альпесов, Е.К вопросу интеграции содержания образования / Е.Альпесов, С.Нуркасымова, О. Баймагамбет //Білім. – 2012. - № 2. – С. 6-8.
2. Жайтапова, А. Научно-методическое обеспечение профессионального роста учителей на этапе перехода к модели образования, ориентированного на результат. -Алматы: РИПК СО, 2004. - 236 с.
3. Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды интеграциялау жөніндегі кейір шаралар туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2000. - №7. – Б.4.

*Мустояпова А.С., к.пед.н., доцент
АУ им. С.Башиева*

СТРАТЕГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ РК В ОБРАЗОВАНИИ И ИНТЕГРАЦИЯ В МИРОВОЕ ПРОСТАНСТВО

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема внедрения системы образования РК в мировое пространство. Ввод в Казахстане двенадцатилетнего образования дает возможность нашему государству приблизиться к мировым стандартам, интегрироваться в глобальное сообщество.

Ключевые слова: образование, стратегия, мировой опыт и т.п.

*Mustoyapova A.S.,
candidate of pedagogical sciences, assistant professor
Aktobeuniversity named after S.Baishev
Strategically introduction of education
system in Republic of Kazakhstan in world space*

Summary

In this article is considered the problem of introduction of education system in Republic of Kazakhstan in world space. The 12-year education will help our country meet world standards, integrate into the global community.

Key words: study, strategy, world skill

УДК-37

*Раушанова И.М.,
магистр, аға оқытушы
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті*

ЖАҢА ПЕДАГОГ ИМИДЖИН ҚАЛЫПТАСТЫРУ– ЗАМАН ТАЛАБЫ

Аннотация

Бұгінгі таңда заман талабына сай қоғамның әр түрлі экономика, мәдениет, білім, т.б. салаларда даму қарқынды жүргүде. Осыған орай педагог имиджіне қойылар талапта күн сайын арту үстінде. Сондықтан, қазіргі заман педагогтың кәсіби іс - әрекетінің табысты болуы көбінесе имиджге байланысты.

Кілт сөздер: имидж, ақпараттық технология, компетенттік, эталон.

Ол үшін қазіргі заманғы мектеп мұғалімі жалпы педагог қауымы қандай болуы тиіс екенін түсіну үшін, бұгінгі күні білім беретін оқу орындарында жас ұрпақты оқытып және тәрбиелеп жүрген мұғалім бейнесін қайта қарау қазіргі таңда өзекті сұрақтардың бірі болып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтып өткендей «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машинын менгеруге дайын болуға тиіс». Осы жолдауда нақтылап айтылғандай [1].

Қоғам өмірінің демократиялық, гуманистік бағытқа бет бұруына жаңарып – жаңғыруына, мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтуға экономикалық, әлеуметтік дамуына, білім беру мен мәдениет парадигмасының өзгеруіне байланысты өмірge жаңа ғылым салалары келді. Сондай ғылымдардың бірі – имиджеология.

Бұл ғылым саласына назар аударудың кім-кімге болса да тигізер пайдасы зор. Өйткені, ол адамдардың бір-біріне сыртқы кескінімен, адамдық болмыс бейнесімен, адами қадір қасиеттерімен әсер ету механизміне ие болуға көмектеседі. Жоғарғы мектепте біртұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру негізінде педагог, оқытушы беделі мен имиджін қалыптастырудың орны бөлек. [2,177 б].

Педагогтар арасында айналасындағыларға өзі туралы жаксы әсер қалдыруды маңызды деп санамайтындар да бар. Тіпті, кейбір педагогтар имидждің маңыздылығына да мән бермейді. Басқа мамандық иелеріне қарағанда мұғалім мамандығы ерекше, ол әрдайым үлкен аудиторияда, окушы алдында үлгі (эталон) ретінде және көпшілік көз алдында болады.

Демек қазіргі педагог - окушыларға білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар жаңа заманауи ақпараттық технологиялық құзыретті, инновациялық ойлауы дамыған өркениетті, шығармашыл, ғылымдағы жаңа түсініктемен ұғымдарды жаңалықты қабылдан, шапшаңдығына сай іске асырып, нәтиже алуға қалыптастыруши. Қазіргі кезеңде педагог имиджін қалыптастыруши компоненттің бірі ол технологиялық құзыреттілік. Технологиялық құзыреттілік болашақ педагогтердің жеке тұлғасының іс-әрекетті орындауға деген қабілеті мен даярлығының, ішкі психикалық қасиеттері мен күйінің күрделі жүйесі болып табылады.

В.П. Бесспальконың тұжырымы бойынша: «Әрбір іс-әрекет не технология; не өнер болуы мүмкін. Өнер-интуиция, технология - ғылым негізінде құрылған. Өнерден бәрі басталады, технологиямен аяқталады, ал педагогикалық іскерлікке онсыз айналып өтуге болмайды. Экспромтқа қарама-қарсы, интуиция бойынша әрекет етуден жоспарланған технологиялық іс-әрекетке көшу болып табылады» [3, 336 б].

Педагогикалық технологияны жетік игеру, белгілі бір бейнені-имиджді қалыптастыру негізі болып табылады. Оны игеру бірқатар арнайы білім, білік, дағды икемділік қабілеттілікті менгерумен байланысты келеді. Біздердің қай-қайсымыз да белгілі бір бейнені - имиджді жасаймыз.

Имидж ағылшынның «image» сөзінен алғынған, «образ», «тур», «келбет» сөздерінен шыққан. Бұл кез келген нәрсенің, адамның эмоционалдық образын, мінездүлкін көрсетеді. Өз имиджін қадағалау, бұл - адамды өзіне қарату. [4,222 б].

«Имидж» түсінігі алғашқыда, экономика саласында, бұл түсінікпен практикалық аспектте, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шетел экономисттері белсенді жұмыс істей бастады. XX ғасырдың 60-жылдарында американдық экономист Болдуинг айналымға «имидж» түсінігін енгізгені белгілі, сонымен қатар оның іскер үлгерім, жетістік қажеттілігін негіздеді. Нәтижесінде имидж жаңа пайда бола бастаған саясаттанудың кару-жарағына алынды, оның мамандары имидждендерді (имиджирование) өз жұмысының басты құрастыруышы ретінде қабылдаған болатын [5,56]. Имидж андаусыз санада орналасты деп айтуда болады.

«Имидж» ұғымы 90-жылдардың ортасында имиджді қалыптастырудың психологиялық аспектілеріне арналған, имидж жайында алғашқы болып Р.Ф.Ромашкина, Е.И.Манякина, Е.В.Гришунина, П.С.Гуревич, Ф.А.Кузин және т.б. еңбектерінде жарық көрді.

С.И.Ожеговтың түсіндірмелі сөздігінде: «Имидж дегеніміз - ой-пікір, тұжырым, бір нәрсе туралы берілген көзқарас, қатынас» делінген [6,816 б].

В.М Шепель «Имиджеология: жеке тартымдылық құпиясы» атты еңбегінде имидж ұғымына тәмендегідей анықтамалар берген: имидж – адам туралы ұғым, мекеме туралы пікір, белгілі адамдармен, жасалатын заттар, индивидуалдық стиль адамды, адамдар тобын, мекемені сипаттайтын келбет».

А.А. Калюжный педагог имиджіне мынадай анықтама береді «Педагог имиджі – тәрбиеленуші мен әріптестерінің, әлеуметтік ортаның, көпшілік санасының, қабылдау эмоционалды, боялған қабылдау стереотипі. Педагог имиджін қалыптастыруда оның жеке қасиеттері қоршаған орта берген бағамен тығыз сабактасып жатады [7.31б].

Демек қазіргі педагог имиджі - уақыт талабына сәйкес, анықталып зерттелетін мәселе.

Педагог имиджі – мұғалім, оқытушы бейнесінің тәрбиеленушілер, әріптестер және әлеуметтік жүртшылық санасында, бұқаралық санада қабылданудың стереотипі. Педагог имиджінің қалыптасуында нақты сапалар тығыз байланыста болады, бұл-оқушының, студенттің, ата-аналардың, жүртшылықтың ол туралы ойынан туған бейнесі.

Имиджді құраушылар туралы қарастырсақ: біріншіден, адамның өзі, оның әлеуметтік ортада өзі туралы қандай мәліметтерді жеткізу мақсатында әрекеті, айналасындағыларға қандай қырынан көрінетіндігі.

Имидж - белгілі бір адамда нақты қалыптасқан болса, пікір де сондай айқын болуы мүмкін: имидж адамның тек сыртқы түріне қарап қалыптаспайды, сонымен бірге психикасына да тәуелді. Пікір бағалау негізінде, темперамент, мінез қасиеттерімен және алғашқы әсерден пайда болуы мүмкін. Сонда өзінің имиджін қалыптастыру немесе өзі туралы пікір қалыптастыру болып шығады. Басқаша айтқанда, имидж - бұл сізден, ал пікір - басқалардан. Біздің әр қайсысымыз белгілі бір бейнені жасаймыз.

Бұл имидж – адам туралы қалыптасқан ұғым-түсінік. Педагог имиджі олардың: сыртқы бейнесінен, әдетінен, сөйлеу мәнерінен, ұлттық және өзіндік санасынан, ұлттық менталитетінен іс-әректінен, мінез-құлқынан жасалған оны қоршаған әлеуметтік ортаның ой-пікірінен құралады [8,208 б].

Демек, қорытындылай келе педагог имиджін қалыптастыру – өмір талабы. Қазіргі заман талабына сай, педагог имиджі жаңа бағыттағы жаңалықты тану, білім, ғылым, ең бастысы технологияға айналдыру, заман қажеттілігіне сай рухани мәдениеті биік, кәсіби іскерлікті қалыптастыруши, қабілеті мен ақыл-парасаты жоғары, істің негізгі көзін біletін, жан-жақты жетілген технологиялық құзыретті, педагогтарды қалыптастыру - бүгінгі күнде өте маңызды мәселелердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев, Н.Ә. «Қазақстан-2030»: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы/ Н.Ә. Назарбаев // Казахстанская правда. -2012.-№437. – С. 4-5.
2. Калюжный, А. А. Формирование имиджа учителя/ А.А. Калюжный. – М.: Владос, 2005. - 177 с.
3. Бесpal'ko, V.P. Педагогика и прогрессивные технологии обучения/ В.П. Беспал'ко. – М.: Изд-во Института профессионального образования, 1995. - 336 с.
4. Калюжный, А.А. Психология формирования имиджа учителя/ А.А. Калюжный.- М: Владос, 2004. - 222с.
5. Шепель, В.М.Имиджелогия. Как нравиться людям/ В.М. Шепель. - М.: Народное образование, 2002.- 500 с.
6. Ожегов, С.И. Словарь русского языка /С.И. Ожегов; под ред. Н.Ю.Шведовой. -М: Русс.яз, 1983. - 816 с.
7. Калюжный, А.А. Технология построения имиджа учителя. / А.А. Калюжный //Гуманитарное образование в школе: теория и практика. - 2004. – № 5. - С.31
8. Зязюн, И. А Основы педагогического мастерства/ И.А. Зязюн. – Киев: Высшая школа, 1987. – 208с.

*Раушанова И.М., старший преподаватель
АУ имени С.Баишева*

Аннотация

На сегодняшний день, соответственно требованию времени к обществу, меняется требование к имиджу педагога. Поэтому в данной статье рассматривается деятельность и формирование профессионального и педагогического имиджа.

Ключевые слова: имидж, информационная технология, компетентность, эталон

Raushanova I.M
Chair of pedagogic, psychology and subject technologies
Senior teacher, Master of art

THE FORMATION OF IMAGE OF NEW TEACHER IS THE DEMAND OF TODAY`S DAY

Summary

Nowadays according to the demands of time to the society changes the demand of the teacher's image. For that reason, this article examines the activity and the formation of professional and pedagogical image.

Key words: image, informational technology, competence, etalon

УДК 37.

Утемісова Г.Т.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе
университетінің магистранты

ЖАҢАНДАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ ЫҚПАЛЫ

Аннотация

Мақалада қазіргі жаһандану кезеңіндегі білім берудің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани маңызы және оның ұлттық жүйеге ықпалы жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: білім беру, тәрбие, гылым.

Қазіргі жаһандану заманы білім саласындағы бүкіл халықаралық қауымдастықтардың білім беруді ұйымдастыру мен мамандар даярлау мәселесіне ерекше назар аударуларын талап етеді. Халықаралық білім беру заңнамасының негізгі құжаты 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясынан көрініс тапқан. Онда білім беру мәселелеріне арнағы бап (26) бөлінген. Ол үш ережеден тұрады: *біріншісінде*, адамның білім беру құқықтары тұжырымдалады, бастауыш және жалпы білім берудің ақысызыдыры, бастауыш білімнің міндеттілігі, техникалық және кәсіби білімнің жалпыға бірдей қол жетімділігі баса айтылады; *екіншісінде*, білім берудің тұлға дамуындағы, адамадар арасындағы қарым-қатынастағы, қоғамдық прогресс пен бейбітшілікті қамтамасыз етудегі позитивті қызметі анықталады; *үшіншісінде*, ата-аналардың өз балалары үшін алатын білімді таңдаудағы басымдықтары көрсетіледі. Бұл декларация білім беру мәселелеріндегі елдер мен халықтар арасындағы келісімдер үшін моральдық-саяси ахуалдың негіздерін қалады.

Қазіргі таңда толықтай білім беру саласына арналған және оған айтартылғатай дәрежеде қатысты *сегіз* халықаралық және *бес* аймақтық келісім әрекет етуде. Бұлар: Білім беру саласында кемсітушілікке жол бермеу туралы Конвенция (1960); Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы Халықаралық Конвенция (1965); Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт (1966); Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы Конвенция (1972); Жерорта теңізі аймағының Араб және Еуропа елдеріндегі білім беру курстарының, жоғары білім беру туралы дипломдарын тану туралы Халықаралық Конвенция (1976); Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық формаларын жою туралы Конвенция (1979); Балалар құқықтары туралы Конвенция (1989). Бұлардан өзге Латын Америкасы мен Кариб теңізі бессейнінің, араб елдеріндегі, Еуропадағы, Африкадағы, Азия мен Океаниядағы білім беру курстарының, жоғары білім туралы дипломдарын тану туралы Айсақтық Конвенциялар да бар.

Бүгінгі таңда бірде-бір ғылым немесе қоғам қайраткері жүйелі білім берудің үлкен әлеуметтік-мәдени маңызына құмән келтірмейді. Соған қарамастан, XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан білім беру жүйесінің жоғары технологиялық ақпараттық өркениет жағдайындағы мазмұны мен оқыту әдістері көніл көншітпейді. Осыған орай әлемнің көптеген елдерінде *білім* мен *тәрбие* берудің жаңа тұжырымдамалары ұсынылады. Олардың көпшілігінің мәні бір жағынан, барлық білім жүйесін қарқынды-фундаментальды оқытуға көшірудің әлеуметтік, техникалық, ұйымдастырушылық, әдістемелік мүмкіндіктерін іздеу болса, екінші жағынан білім мен танымның жалпы және этникалық ерекшеліктеріне көніл аударылады [1].

Үздіксіз білім беру тұжырымдамасы, адамды оның барлық саналы ғұмырында отбасының, мемлекеттің, мектептің, түрлі курстардың құштерін біріктіру жолымен қамтуға бағытталған. Оның міндеті - адамның барша өміріндегі кәсібиліктің жоғары деңгейін ұстап тұру, оны жаңа техникалық, экологиялық және басқа да жағдайларға бейімдеу болып табылады.

Ал «*БЕЙБІТШІДІК РУХЫНДА*» тұжырымдамасы ядролық немесе басқа бір кираду-шылық соғыстың қаупінен пайда болды. Оның мәні-өскелең ұрпақты білім беру мен тәрбиелеу арқылы әлеуметтік әріптестікке, әлеуметтік үйлесімге қол жеткізіп, жеке адамдардың көпшілікпен қабыспайтын мүдделерін жалпы мүдделер үшін көрі ысырып, осылайша жекелеген адамдарға агрессияны жоюға, бәсендетулерге қадам жасау. Келесі тұжырымдама - «*Ертеңгі күн мектебі*» тұжырымдамасы. Оның мәні-болашақтың қөшбасшыларын қалыптастырып, осылайша оқушының арнағы жасалған технологияға сай оқыту процесіндегі максималды белсенділігіне негізделген, даралықтанған білім беруде жатыр. Сондықтан да осы тұжырымдаманың негізін салушы Д.Ховард бұл жүйені «басқарылмалы ілгері апарушы мониронингтік ілім» деп атайды.

Осы аталған және басқа да кейбір тұжырымдамалардың негізінде көптеген елдерде білім беру реформалары жүргізілді, білім беру саласының даму стратегиясы бойынша саяси құжаттар қабылданды. Олардың ішінде: «*XXI ғасырдағы американдықтарға арналған білім беру*» (АҚШ, 1984); «*XXI ғасырга арналған білім беру моделі*» (Жапония, 1985); «*Болашақтың білімі*» (Франция, 1985); «*2000 жылға дейінгі білім беру*» (ГФР, 19850); «*Америка-2000: білім беру саласындағы стратегия*» (АҚШ, 1991) және тағы басқалары бар. Олардың барлығында білім берудің жалпы даму процесіне тигізетін тікелей ықпалы назарға алынды.

XX ғасырдың жоғары мектебі бірқатар факторлардың ықпалымен дамыды. Осы ғасырдың 50-жылдарының жартысы мен ортасында шешуші рольді *ғылыми-техникалық революция* тудырған процестер атқарады. Ол білімнің қоғамдық қажеттілігін күрт күшейтіп, жаңа өндірістер мен индустримальдық технологияларды

жасады, адамдардың сапалық жаңа қажеттіліктерін дамытты, оқыту процесінің сапалық тұрғыдан мүлдем өзге бір мүмкіндіктерін де қамтамасыз етті, ғылым мен білімнің қуатының тамаша көрсеткішіне айналды. Мемлекеттік деңгейде бұл мәнді, әсіресе, сол ғасырдың 60-80 жылдарында Жапонияның экономикалық дамуы ерекше көрсеткіш бола алады. Ғылыми техникалық революция жетістіктері бүкіл дүние жүзіндегі білім беру жүйесінің дамуын айтартықтай ілгеріледі, мемлекеттік билігі білімнің жаңаша мәнін ұғынған елдерде бұл ерекше түрде болды.

XX ғасырдың екінші жартысы әлемдік қауымдастықтың өміріндегі интеграцияның қүшесінде аясында өтті. Интеграциялық процестер XX ғасырдың соңғы ширегінде экономика мен саясаттан мәдениет пен заң саласына дейінгі негізгі салалардың барлығын қамтыды. Интеграция білім беру жүйесінде де жеткілікті деңгейде белсенді түрде жүзеге асырылды. Жекеленген елдердің білім беру саласындағы теориялық ұсыныстары мен практикалық тәжірибесіне күн сайын көптеген елдер кірісе бастады. Ортақ білім беру құндылықтары, мамандар даярлаудың әдістемелері мен стандарттары жасалды. Интеграция білім беру процесіне күн сайын жаңа талаптар қоя отырып қолдау жасады, себебі халықаралық интеграцияның өзі үлкен бір дәрежеде оған қатысушылардың білім деңгейінің жоғары және талапқа сай болуымен анықталады. Заманауи интеграциялық процестер шешуші дәрежеде ғылымның, өндірістің, мәдениеттің, пікірлесу деңгейінің сапалық көрсеткіштеріне негізделеді, ал бұлардың барлығы бірінші кезекте білім берудің сапасымен анықталып, бағаланады.

Білім берудің дамуына әлемдік өркениеттің жалпы ахуалы ықпал етеді. Қазіргі уақытта дүние жүзі ғалымдары экологиялық дағдарыс, жердегі табиги ресурстардың шектелуі, индустріалды дамудың тығыздығы, өркениеттер дағдарысы бойынша дабыл қағуда. Бұл да білім мен тәрбие процесінің мазмұнына әсер етпей қоймайды.

Қазіргі заманың тағы бір ерекшелігі - мемлекет пен білім беру жүйесі арасындағы қатынастардың түбекейлі өзгерісі, мемлекеттің білім беру жүйесінеге деген ықпалының қүшесінде. Бұндай тенденция саяси құрылымы әртүрлі болып келетін Солтүстік Америка мен Таяу Шығыс, Батыс Еуропа, Жапония, Қытай, Оңтүстік Америка және т.б. елдерінде байқалады. Бұл бірінші кезекте білімнің мемлекеттің аса маңызды және құшті потенциалына, әлемдік аренада ықпал етудің, тіпті үстемдік етудің қуатты құралына айналғандығымен түсіндіріледі. Бірқатар елдерде, оның ішінде дамыған мемлекеттерде білім мемлекеттің мұдделер мен міндеттер жүйесіндегі басты басымдық ретінде қарастырылады. Оның үстіне ықпалдасу, жақындасу білім беру мұқтаждықтарына, әсіресе жоғары білікті мамандар дайындауға деген мемлекеттік мұқтаждықтардан туындаиды.

Мемлекеттің білім беру саласындағы ролінің нақты қүшесі мемлекеттің саяси ұғымдары мен заңнамалық шартталуынан, мемлекеттік білім беру стандарттарының ішінәра практикаға енгізілуінен, білім беру мекемелерінің мемлекеттік қаржыландырылуының кеңейтілуінен, түрлі деңгейлердегі мемлекеттік органдардың әлеуметтік-кәсіби ұсыныстарынан, ал кейде білім беру құрылымдарының қызыметтеріне мемлекеттік бақылаудың нығаюынан да көрінеді. Көптеген елдерде әсіресе, бұрынғы Кеңес Одағы болып, бұл күндері тәуелсіз даму жолына түскен мемлекеттердің құрамында өзіндік білім беру саясаты қалыптасуда және жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы салыстырмалы талдаулар барлық дамушы елдердің өздерінің ғылыми-техникалық және кадрлық қуатын әрі қарай нығайту мақсатында білім беру саласын қаржыландыруды бағыттап арттырып жатқандығын көрсетеді.

Қазіргі уақыттағы білім беруді дамытудағы заңдылықтардың, ағымдардың бірі - соңғы онжылдықтарды өскелен ұрпаққа білім мен тәрбие беру процесіне компьютерлік техниканы кеңінен енгізу. Жетекші елдер мен кейбір дамыған елдерде,

мәселен, Сауд Арабиясы, БАЭ, Израиль, Сингапур және т.б. елдерде компьютерлік техника берудің сипатын, әдістемесін, деңгейін өзгерту. Оку процесін байытқан білім берудің нағызы компьютерлік төңкерісі жүзеге асты.

Білім беруді компьютерлендірге ынталандырған себептердің бірі елдің экономикалық қажеттегі туып отыр. Компьютерлік істегі білім мен дағдыларсыз маман өндірісте де, банктерде де әлеуметтік салада да сұраныска ие бола алмайды. Компьютерлік техниканы менгеру мемлекеттік білім беру стандарттарына енгізілген еңбек ақы жүйесімен, теледидар арқылы жарнамаланумен ынталандырылуда. Бұл күндері әлемнің 30-40-тан астам алдыңғы қатарлы елдерінде білім беруді терең де тиімді ақпараттандыру жүзеге асқан [2].

ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында компьютерлік техниканы өндіріс пен тұрмыста пайдалану мектеп жүйесін компьютерлендіруді талап етті. Жоғары білім беру жүйесі мекемелерінің университеттердің өндіріспен, ғылыммен байланысы, университеттер құрылымында инженерлік және ғылыми орталықтардың құрылуы секілді факторлар оқытушылар мен студенттердің компьютерлердің кеңінен пайдалануларына жағдай туғызды. Ақпараттық байланыстар тез дамып, ең қуатты компьютерлерді пайдаланатын ақпараттық орталықтар қалыптасты. Осы жағдай өткен ғасырдың 80-жылдарында БИНЕТ және ИНТЕРНЕТ ақпараттық жүйелерін өмірге әкелді, ақпараттық технологиялар ғылым мен білім беру тәжірибесіне тұрақты енді, ал компьютер өндірісі ең бір тиімді салаларының біріне айналды. 90-жылдарда миллиондаған дербес компьютерлер Батыс елдері студенттерін де, мектеп оқушыларының да аудиториялық та, өзіндік те жұмыстарының ажырамас бөлігіне айналды. Оқыту процесі қарқындырақ және тиімдірек бола түсті. Білім беру мекемелерінің компьютерлік жабдықталуы олардың қоғамдық мәртебесін арттырды, сәйкесінше мамандықтардың тартымдылығын күшайте берді. Болашакта аталмыш процесс барша ғаламшарға таралуы керек, алайда әр түрлі әлеуметтік-экономикалық және саяси себептермен ол Жер шарының барша халқын бірдей қамти алмай, оның тек азғантай бөлігімен ғана шектелуде. Ал болашакта білім беруге компьютерлік мүмкіндіктер негізінде кіруге үлгермеген, кіріге алмаған елдер білім берудің ғана емес, жалпы өркениеттің де босағасында қалуы мүмкін.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдарында білім берудің ізгілендіру мен ізгіліктендіру өте сезімтал тенденцияға айналғаны талас тудырмайды. Бұл аспектілер қоғамдық дамудың әлеуметтік-мәдени проблемаларының шиеленісуімен байланысты. Қазіргі ел мен ел аралас-құралас жағдайда мәдениет, адамгершілік, адами қатынастар, әлеуметтік-психологиялық дәстүрлер, қоршаған орта секілді өмір салаларының мәніне ерекше көніл бөлу қажет. Бұлардың барлығы да гуманитарлық білім берудің кеңеюінен, кез-келген профильдегі маманды даярлау кезінде гуманистік бастаулардың орнықтырылуынан көрініс табады. Бұл бағыт жалпы білім беретін мектептерден басталып, жоғары білім беру деңгейінде жекелеген пәндерді оқыту арқылы айқын көрінеді. Әлемнің көптеген елдерінде жоғары білім алушы студенттердің тек 20-40% ғана инженерлік, ауыл шаруашылық және жаратылыстану ғылымдары шеңберінде оқыды. Бұл - әлемде әлеуметтік және гуманитарлық білім берудің айқын басымдықта екендігінің көрсеткіші, өз көлемі мен мәні бойынша үздіксіз білім беру тәжірибесі де артып келеді. Үздіксіз білім беру идеясы білімді, білікті, дағдыны, кәсібиlíктің артуын ұдайы жетілдіріп отыруға деген уақыт талабына жауап ретінде пайда болды. Ол адамзат көлемінде өмір сүрге бағытталып оны жүзеге асуруда отбасының, мектептің, жоғары оку орындары, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамның басқа да құрылымдарының күшін біріктіруді қарастырады. Соңғы 20-30 жыл ішінде қазіргі әлемде болып өткен әлеуметтік, саяси, технологиялық және тағы да бірқатар өзгерістердің ықпалымен білім берудің сипатына деген тұжырымдық көзқарастар

өзгеруде. Білім беру процесінің формаларының көп түрлілігі мен мазмұнының қеңдігі туралы пікір орнығуда. Соның арқасында, білім беру әлеуметтік тұлғаның белгілі бір типін қалыптастыруға ғана қажетті мемлекеттің құралы ретінде қолданылатын бұрынғы докторлардан бас тарту жүріп жатыр. Білімге тек ғылыми-техникалық прогресті және өндірістің дамуын қалыптастыратын фактор ретінде қарау туралы ойлар күмәнге ұшыратылуда. Осыдан келіп білім мен мәдениет арасындағы өзара байланыстың көп қырлылығын, білімнің жалпы қоғамның ілгеріленіп дамуын қамтамасыз етудегі базалық ролін, белсенді әрекет етуші тұлғага деген білімнің үздіксіздігін ұғыну келіп туындаиды.

Осылайша, қазіргі мемлекеттік саяси жүйелер: жан-жақты саяси қамтамасыз етілу; демократизм мен централизмнің үйлесімділігі; өкілеттіліктің нақты бөлінуімен бірліктегі кең құқықтар мен еркіндіктер; білім беру саласындағы саяси либерализм мен ұлттық дәстүрдің үйлесімділігі секілді принциптерге негізделген жаңа білім беру саясатын қалыптастырып, жүзеге асыра бастайды. Алайда, тек саяси-ұйымдастырушылық тұрғының өзі аздық етер еді. Сондықтан әлемдік қауымдастықтың өмірінің барлық салаларында басталған жаһандық процестеріне байланысты білім берудің стандарттау мен оқу процесін ұйымдастырудың және мамандар даярлаудағы талаптарда бірінғай тұрғылар саласында өзге де радикалды шаралар қажет болды. Солардың бірі - қазіргі жастарға этномәдени білім мен тәрбие беру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тайжанов, А.Т. Білім философиясы мен социологиясы / А.Т. Тайжанов, Г.Б. Шөптібаева. - Ақтөбе, 2011. – 65 с.
2. Глобальные проблемы и общечеловеческие ценности. - М: Прогресс, 2006 - 496с.

*Утешова Г.Т.,
магистрант Академии
наук им. С. Байшиева*

ГЛОБАЛИЗАЦИЯ И ЕЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НА НАЦИОНАЛЬНУЮ СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ

Резюме

В этой статье рассматриваются некоторые аспекты воздействия глобализации на образование, социально-экономические, культурные и духовные ценности, что характеризует наиболее всеобъемлющую национальную систему.

Ключевые слова: образование, воспитание, наука.

*Uteshova G.T.
Graduate of the University of S Bayisov Aktobe*

GLOBALIZATION AND ITS IMPACT ON THE NATIONAL EDUCATION SYSTEM

Summary

In this article, the current period of globalization, education, socio-economic, cultural and spiritual values and provides the most comprehensive national system.

Keywords: education training sciense

ТЕХНИКА ФЫЛЫМДАРЫ
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 656

Тоқсанбаева Б.А., аға оқытушы,
Тоқсанбаева А.О., магистр, аға оқытушы
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

РЕЛЕСІЗ МАПС-М АВТОМАТТЫ ӨТКЕЛ СИГНАЛИЗАЦИЯСЫ

Аннотация

Теміржол көлігі Қазақстан экономикасын дамытуда басты роль атқарып, жолаушылар мен жүктерді тасымалдауда мемлекеттің көлік жүйесінің негізі болып табылады. Соның ішінде поездармен тас жолдың қылышындағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында автоматты өткелсигнализациясының атқаратын ролі зор.

Кілт сөздері: есептеу пункттері, сұйық кристал, диагностикалық маглұмат.

Қазіргі таңда темір жол өткелдерінің техникалық жағдайын жақсарту, көлік кешендерінің қауіпсіз жұмыс деңгейін көтеру мақсатында жаңа заманауи технологияларды енгізу аясында автоматты өткел сигнализациялары жаңартылуда.

Осыған орай автоматты өткел сигнализацияларының жаңа түрі релесіз МАПС-М өткел сигнализациясы Ресей теміржолдарында іске қосылып, өзінің оң нәтижесін табуда.

МАПС-М релесіз автоматты өткел сигнализациясы поездар қозғалысын интервалды реттеудің кез келген жүйесімен жабдықталған, бір тінді немесе екі тінді аралықта орналасқан өткелдерде қолдануға арналған.

МАПС-М-нің негізгі ерекшеліктері – бақылау-өлшеу пункттерінде жоспарлы қызмет көрсетуді талап ететін релелік аспаптардың мұлдем жоктығы, комутациялық және найзағайлы кернеуліктен қорғаудың жоғарғы дәрежелігі. Кеңейтілген диагностикалық ақпараттарды көрсету және келіп түскен ақпаратқа мұрағаттау, ақауалды жағдайды анықтауды және ақауды іздеу, жою уақытын қысқартады.

МАПС-М жүйесінің жұмыс жасауы туралы барлық технологиялық ақпарат, сонымен қатар бақылап отыратын телімдердің бос немесе бос болмауы, өзінде қондырылған ыңғайлы интерфейсі бар сенсорлы сұйық кристалды (ЖК) панелінде көрсетіледі.

ЕП-рі теміржол жолдарында қондырылады. Есептеу пункттерінің (ЕП) көмегімен МАПС-М жүйесінің қызмет ету аумағындағы жол телімдері бақыланады. Қылышу орнынан 150 м кем емес қашықтықта, поезддың соны өткеннен кейін қосылатын, айдай ақ отты өткел бағдаршамдары көрсетсе, онда қылышу жерінен белгіленген қашықтықта қосымша есептеу пункттері екі жақтан

кондырылады. Поездарды өткізу логикасынан және жақындауды бақылау аппаратураларынан келіп түсетін хабарламаның, сонымен қатар стансадан келетін өткелді жабу туралы бұйрықтың болуы немесе болмауын, өткел сигналдарын басқару аппаратурасының орындаушы құрылғылары реттейді. Оптикалық сигнал құрылғылары ретінде жарықдиодты бағдаршамдар немесе шамды линзалы жинақтарды қолдануға болады.

Өткел сигналдарын басқару аппаратурасы, сонымен қатар МАПС-М-нің барлық құрылғыларының дұрыс жұмыс жасауын бақылайды және де, өткел арқылы өтетін көлік қозғалысына тиым салатын сигналдың реттеу қабілетін бағалайтын жүйенің техникалық жағдайы туралы диагностикалық ақпаратты реттейді.

Реттелген ақпараттар жақын жердегі теміржол стансасының кезекшісіне немесе диспетчерлік орталықтандыру телімдеріндегі поезд диспетчеріне келіп түседі.

Индикациялау және мұрағаттау құрылғысы кеңейтілген диагностикалық ақпаратты, өткел сигналдарын басқару аппаратураларынан және поездардың жақындауын, бақылау және өту логикасы аппаратураларынан үздіксіз қабылданап отырады.

Құрылғы жүйе түйіндерінің нақты жағдайлары туралы барлық қажетті ақпаратты көрсетеді және қызмет көрсетуші адамға ақау кезінде оны жедел табуга көмегін тигізеді.

МАПС-М құрылғысының жұмысы туралы ақпаратты жүйелік журнал жүргізу арқылы сақтауға болады.

Электркоректендіру аппаратурасы МАПС-М-нің барлық түйіндерін және өткел сигналдарының орындаушы құрылғыларын қосымша үздіксіз электркоректендірілуін реттейді. Бұл аппаратура электркорегін негізгі фидерден алады, ал оның ажыратылуы кезінде қосымша фидерге автоматты түрде қосылады. Ол кезде әр фидердің электркоректендірудің сапасы және оның болуы тұрақты бақыланады.

Электро коректендіру аппаратурасы 12 В тұрақты тоқтағы кернеуі бар екі тәуелсіз шығыстан тұрады. Буферлі режимде шығыстардың әр қайсысна бөлек- бөлек аккумуляторлық батарея жалғанған, ол МАПС-М-нің кірісінде екі фидерде де электркорегі болмаған кезде құрылғылардың үздіксіз жұмыс жасауына толықтай кепілдік береді.

МАПС-М-нің барлық аппаратурасы «евромеханика» шкафында жинақталған. Өткелдердің құрылыш-монтаж жұмыстары кезінде, МАПС-М-ге электркоректендірудің негізгі және қосымша фидерлері, өткел сигналдарының орындаушы құрылғылары және осытерді санаудың жер беті құрылғылары қосылады. Стансадан өткелдің жабылуы туралы бұйрықты трансляциялау диагностикасын ұйымдастыру үшін, стансамен байланыс жүзеге асырылады.

Жоғарыда атап өтілгендей, МАПС-М жүйесінде жоспарлы қызмет етуді талап ететін релелік аппаратуралар жоқ. Рельс тізбектерінің жоқтығы пайдалану шығындарын азайтады және құрамында мысы бар материалдардың үрлануын жоққа шығарады.

Монтаждың қарапайымдылығы мен ыңғайлылығы уақытты және құрылыш-монтаж жұмыстарын орындау кезіндегі шығынды қысқартады.

МАПС-М теміржол өткеліне жақын жерде тасымалдауға ыңғайлы модуль түрінде орналасады.

Тасымалдауға ыңғайлы модульді қолдану жүйенің климаттық талаптарын қамтамасыз етіп, сонымен қатар қызмет етуші адамның еңбек ету жағдайын жақсартуға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тильк, И.Г Новые устройства автоматики и телемеханики железнодорожного транспорта/ И.Г. Тильк. - Екатеринбург: УрГУПС , 2010. – 168 с.
2. Виноградова, В.Ю. Автоблокировка и перездная сигнализация/ В.Ю.Виноградова. – М.: Маршрут, 2003. – 20 с.

*Тоқсанбаева Б.А., ст.преподователь
Тоқсанбаева А.О., магистр, ст.преподователь
Ақтюбинский университет им. С.Баишева*

БЕЗРЕЛЕЙНАЯ АВТОМАТИЧЕСКАЯ ПЕРЕЗДНАЯ СИГНАЛИЗАЦИЯ МАПС-М

Аннотация

Основные преимущества МАПС-М – полное отсутствие релейной аппаратуры, требующей планового периодического обслуживания в контрольно-измерительных пунктах; высокая степень защиты от грозовых и коммутационных перенапряжений. Предоставление расширенной диагностической информации и ведение архива полученных данных позволяют выявлять пред отказные состояния и сокращают время на поиск и устранение неполадок. Вся технологическая информация о функционировании системы МАПС-М, а также о свободности/занятости контролируемых участков отображается на сенсорной ЖК-панели со встроенным удобным интерфейсом.

Ключевые слова: переездная сигнализация, контроль приближения, логики проследования поезда, диагностическая информация.

*Toksanbaeva B.A., senior teacher
Toksanbaeva A.O., master senior teacher
Aktobe university named after S.Baiseva*

MAPS - M BEZRELEYNY AUTOMATIC CROSSING ALARM SYSTEM

Summary

The main advantages MAPS-M the full absence lack relay equipment, the demanding the planned the periodic service in control and measuring points; high degree protection against the storm and switching retension. Granting providing expanded diagnostic information and maintaining archive the obtained data allow to reveal before negative states also reduce also reduce time for search and debugging. All technological information about functioning of system of MAPS-M, and also about свободности / employment controlled sites it is displayed on the touch LCD panel with the built-in convenient interface.

Key words: Crossing alarm system, control of approach, logic of passing of the train, diagnostic information.

«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына (КР Акпарат министрлігі бұқаралық ақпарат құралын есепке алу туралы 29.01.2004ж. №4645-Ж күелігі берілген) қазақ, орыс және ағылшын тідерінде мақалалар қабылданады.

«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы авторларына қойылатын талаптар:

Журналға жарияланатын мақала дайындау алдында авторлардын келесі ежелерді басшылыққа алуы сұралады:

Авторлар жөніндегі мәлімет (аты-жөні, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, қызметі немесе мамандығы, жұмыс орны (ұйым немесе мекеме атауы және орналасқан жері; елінің атауы, мекен-жайы, телефоны, e-mail) үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) беріледі. *Ескерту. Автордың аты-жөні атау септігінде қолданылады.*

ӘОЖ индексі

1 интервалдан соң ӘОЖ индексі көрсетіледі. ӘОЖ индексі жарияланатын мәлімет тақырыбының сол жағында бөлек жолмен орналасады. *Ескерту. ӘОЖ индексін ГОСТ 7.90- 2007 сәйкес есептеп немесе кітапханадан білуге болады.*

Аннотация және кілт сөздер

Аннотация және кілт сөздер арақашықтығы 1 интервалмен үш тілде беріледі (қазақ, орыс, ағылшын). Мәтін алдында аннотация мен кілт сөздер жарияланатын материал тілінде жазылады және әдебиеттер тізімінен кейін басқа екі тілде орналастырылады.

Мақаланы рәсімдеуге келесі талаптар қойылады:

Мақала көлемі әдебиеттер тізімі, кесте, сурет, сурет жазбалары және аннотациялармен коса 5 беттен аспау керек. Баспаға басып шығарылған нұсқасымен толық сәйкес келетін электронды түрінде тапсыр укерек. Файл атауы мақала авторының тегімен көрсетіледі. Мақала беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін Word бағдарламасының кезкелген нұсқасымен теріліп, CD, басқада тасуышы құралмен жеткізіледі немесе электронды поштаға жіберіледі. Мәтін A4 кағазына (210*297мм) 14 pt кегльдегі TimesNewRoman әрпімен жоларлық 1 интервал қалдыра отырып жазылады.

Кесте, сурет, формулаларда символ және белгілерге түсініктеме мен болмауы керек. Суреттер айқын әріанық болуы тиіс. Мәтіндегі суреттер мен кестелерге сілтемелер көрсетілүүкірек. Мәтінде формула саны минималды болуы керек. Формулалар баспаға сәйкес (математикалық және химиялық формулалар үшін) болуы тиіс. Кестенің тақырыбы: қойылып, бос бағандар болмауы тиіс. Шартты қысқартулар мен символдарға түсініктеме қосымшада беріледі.

Әдебиеттер тізімі жарияланатын материал мәтінінен кейін орналастырылады. Әдебиеттер тізімі 20-дан көп болмауы керек. Мақалада сілтеме нөмірлері әдебиеттер тізіміндегі дереккөздердің реттік нөмірлері бойынша қойылады. Мұрагаттық материалдар тізімге енгізілмейді, оларға сілтеме мәтін ішінде жақшага алу арқылы реттеледі. Дереккөз ретінде электронды ресурстарды қолданған жағдайда әдебиеттер тізімінде библиографиялық жазба және ғаламтордағы толық желілік адресіне сілтеме пайдаланған күнімен берілгені жөн.

Ескерту. Мақала ГОСТ 7.1 - 2003-ке сәйкес рәсімделуі керек. «Библиографиялық жазылым. Библиографиялық сипаттама. Құрылымның жалпы талаптары мен ережелері». Мақала мәтініндегі дереккөздерге сілтеме тік жақшага алынады.

Бір нөмірге бір автордың мақаласы 2-ден аспаусы қажет. Мақалага ұйым жетекшісінің қолы қойылған жолдама хаты мен пікірі жазылады. Баспаға түсken барлық мақалага пікір беріледі. Қажетті жағдайда толықтыру мен өзгертулер енгізу үшін мақала авторга қайтарылып беріледі. Баспа мақала мәтініне өзгеріс енгізуге құқылы.

Жарияланымга мақалалар келесі мекен-жай бойынша қабылданады:

**С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің
ХАБАРШЫСЫ №4 (46), 2014**

030000, Ақтөбе қаласы, Ағ. Жұбановтар көшесі, 302 А. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті. Тел.: 8(7132) 974081, e-mail: edu_ausb@mail.ru (С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы)

В научный журнал «Вестник Актюбинского университета им. С.Баишева» (свидетельство о постановке на учет средства массовой информации №4645-Ж, выданый Министерством информации Республики Казахстан от 29.01.2004 г.) принимаются статьи на казахском, русском и английском языках.

**Правила для публикации в журнал «Вестник Актюбинского университета имени
С.Баишева»**

Редакционная коллегия просит авторов при подготовке статей для опубликования в журнале руководствоваться следующими правилами в порядке расположения:

Сведения об авторах

Перед наименованием статьи указываются сведения об авторах: имя, отчество и фамилия; ученое звание, ученая степень, должность или профессия, место работы (наименование учреждения, организации, предприятия и место расположения; наименование страны, домашний адрес, телефон, e-mail) приводят на трех языках (казахский, русский, английский). Сведения об авторах излагаются на языке публикуемого материала и после списка литературы на двух других указанных языках.

Примечание. Имя автора приводится в именительном падеже.

Индекс УДК

Через 1 интервал указывается индекс УДК. Его располагают отдельной строкой слева перед заглавием публикуемого материала.

Примечание. Индекс УДК можно высчитать в соответствии с ГОСТ 7.90-2007 или узнать в библиотеке.

Аннотация и ключевые слова

Через 1 интервал приводят аннотацию и ключевые слова на трех языках (казахский, русский, английский). Перед текстом публикуемого материала аннотация и ключевые слова приводятся на языке публикуемого материала и после списка литературы приводятся на двух других указанных языках.

Статья

Через 1 интервал размещается статья. Объем статьи, включая список литературы, таблицы и рисунки с подрисунковыми надписями, аннотации, не должен превышать 5 страниц печатного текста. Текст должен быть набран в программе Word любой версии, представляется на электронном носителе, либо отправляется по электронной почте. Шрифт текста – Times New Roman, формат бумаги А4 (210*297 мм), размер кегля – 14 пт. Межстрочный интервал – одинарный. Выравнивание текста по ширине.

В таблицах, рисунках, формулах не должно быть разночтений в обозначении символов, знаков. Рисунки должны быть четкими. На рисунки и таблицы в тексте должны быть ссылки. В тексте число формул должно быть минимальным. Формулы должны быть набраны в соответствующем редакторе (для математических и химических формул). Таблицы должны быть озаглавлены, не допускается наличие в них пустых граф. Условные сокращения и символы следует пояснить в примечании.

Список литературы

Через 1 интервал список литературы помещают после текста публикуемого материала. **Список литературы** должен состоять не более чем из 20 наименований. Нумерация ссылок в статье производится по порядковому номеру источника в пристатейном списке литературы. Архивные материалы в список не включаются, ссылки на них помещаются в тексте в круглых скобках. При использовании в статье источников из электронных ресурсов или удаленного доступа (Интернета) в списке литературы приводится библиографическая запись источника и

ссылка на сетевой ресурс с полным сетевым адресом в Интернете. Желательно указывать дату обращения к ресурсу.

Примечание. Список литературы оформляется в соответствии с ГОСТ 7.1–2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Ссылки на источники в тексте статьи даются только в квадратных скобках [12].

В один номер принимаются не более 2 статей одного автора. В редакцию необходимо представить электронную версию статьи в полном соответствии с распечаткой. Имя файла должно начинаться с фамилии первого автора. Статья должна сопровождаться рецензией. Все статьи, поступившие в редакцию, рецензируются. При необходимости статья может быть возвращена автору на доработку. Редакция оставляет за собой право внесения в текст редакторских изменений, не искажающих смысла статьи.

Материалы для публикации принимаются по адресу: 030000, г.Актобе ул. бр.Жубановых, 302 а, Академический университет им. С. Баишева. Тел.: 8 (7132) 974081. E-mail: edu_ausb@mail.ru (с пометкой для Вестника Академического университета им С. Баишева). Сайт: www.vuzbaishev.kz.